**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған
қаржылық есептілік (аудиттелмеген)

*2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша
және осы күнгі аяқталған үш және тоғыз ай үшін*

# МАЗМҰНЫ

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудиттелмеген)**

Қаржы жағдайы туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 3-5
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 6-7
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп ........ 8
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер ........ 9-57

# ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) (қайта есептелгені*) |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 7 | **12.901.466** | 12.677.362 |
| Материалдық емес активтер | 8 | **2.018.549** | 1.685.014 |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | | **434.538** | 431.848 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | | **18.777** | 42.388 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 9 | **4.163.595** | 3.701.451 |
| Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек | | **414.758** | 431.276 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 10 | **168.652** | 176.360 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер | | **138.028** | 131.192 |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері | 11 | **342.642** | 291.374 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 12 | **762.436** | 627.917 |
| | | **21.363.441** | 20.196.182 |
| **Қысқа мерзімді активтер** | | | |
| Қорлар | | **723.903** | 611.859 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **174.190** | 151.750 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **54.317** | 68.857 |
| Сауда дебиторлық берешек | 13 | **787.986** | 747.873 |
| Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек | | **148.851** | 201.656 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 10 | **773.982** | 623.612 |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері | 11 | **67.654** | 57.257 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 13 | **465.140** | 417.362 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 14 | **1.816.465** | 2.487.533 |
| | | **5.012.488** | 5.367.759 |
| Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер | 6 | **168.856** | 182.410 |
| **Активтер жиыны** | | **26.544.785** | 25.746.351 |

*9-57-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) (қайта есептелгені*) |
|---|---|---|---|
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Негізгі компанияның Акционеріне тиесілі капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 15.1 | **5.158.915** | 5.133.766 |
| Қосымша төленген капитал | | **17.303** | 17.303 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | | **1.393.324** | 1.349.799 |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві | | **30.719** | 28.806 |
| Хеджирлеу резерві | | **(46.078)** | (67.163) |
| Өзге де капитал резервтері | | **(16.930)** | (16.807) |
| Бөлінбеген пайда | | **5.991.099** | 5.100.419 |
| | | **12.528.352** | 11.546.123 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | | **1.595.101** | 1.407.212 |
| **Капитал жиыны** | | **14.123.453** | 12.953.335 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 16 | **6.191.136** | 6.035.456 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары | | **652.997** | 630.433 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 18 | **376.404** | 130.640 |
| Резервтер | | **318.959** | 269.123 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | | **1.068.347** | 934.960 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **98.028** | 94.243 |
| Мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелер | 17 | **461.863** | 1.153.761 |
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер | | **123.464** | 118.675 |
| | | **9.291.198** | 9.367.291 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 16 | **739.325** | 817.319 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары | | **10.967** | 22.973 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 18 | **88.498** | 25.853 |
| Резервтер | | **107.091** | 151.793 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **6.961** | 7.267 |
| Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы | | **30.826** | 18.699 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | | **994.976** | 995.322 |
| Мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелер | 17 | **376.429** | 527.402 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 19 | **686.555** | 764.021 |
| | | **3.041.628** | 3.330.649 |
| Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған ретінде жіктелген активтерге байланысты міндеттемелер | 6 | **88.506** | 95.076 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **12.421.332** | 12.793.016 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **26.544.785** | 25.746.351 |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жүргізілген түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертпеде келтірілген.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі — *Бейбіт Қарымсақов*

Бас бухгалтер — *Алмаз Әбдірахманова*

*9-57-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін: 2019 жылғы (аудиттелмеген) | 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін: 2018 жылғы (аудиттелмеген) (қайта есептелгені*) | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін: 2019 жылғы (аудиттелмеген) | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін: 2018 жылғы (аудиттелмеген) (қайта есептелгені*) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жалғасып отырған қызмет** | | | | | |
| Түсім | 20 | **2.740.557** | 2.703.762 | **7.754.771** | 7.461.627 |
| Мемлекеттік субсидиялар | | **12.127** | 11.581 | **35.384** | 23.735 |
| | | **2.752.684** | 2.715.343 | **7.790.155** | 7.485.362 |
| Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 21 | **(2.036.731)** | (2.003.407) | **(5.840.900)** | (5.695.921) |
| **Жалпы пайда** | | **715.953** | 711.936 | **1.949.255** | 1.789.441 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 22 | **(100.402)** | (127.430) | **(306.451)** | (337.278) |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | 23 | **(189.418)** | (191.477) | **(578.912)** | (521.468) |
| Құнсызданудан болған шығын, нетто | 24 | **(130.861)** | 5.243 | **(199.712)** | (66.551) |
| Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен пайда | | **765** | 15.132 | **24.119** | 26.144 |
| Бизнесті біріктіруден түскен пайда | 5 | **–** | – | **71.960** | 313.517 |
| **Операциялық қызметтен болған пайда** | | **296.037** | 413.404 | **960.259** | 1.203.805 |
| Қаржылық шығындар | 25 | **(150.809)** | (124.257) | **(423.670)** | (500.267) |
| Қаржылық кіріс | 26 | **42.882** | 38.182 | **126.856** | 174.067 |
| Өзге де операциялық емес шығын | | **(26.503)** | (5.098) | **(39.551)** | (15.751) |
| Өзге де операциялық емес кіріс | | **15.676** | 4.331 | **54.821** | 21.860 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто | 27 | **206.747** | 211.819 | **703.137** | 570.694 |
| Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто | | **10.266** | 29.688 | **(9.058)** | 87.243 |
| **Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда** | | **394.296** | 568.069 | **1.372.794** | 1.541.651 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | | **(79.965)** | (119.290) | **(274.771)** | (282.237) |
| **Тоқтатылған қызметтен кезеңде түскен таза пайда** | | **314.331** | 448.779 | **1.098.023** | 1.259.414 |
| **Тоқтатылған қызмет** | | | | | |
| Табыс салығын шегергендегі тоқтатылған қызметтен болған шығын | | **–** | – | **–** | (3.542) |
| **Кезеңдегі таза пайда** | | **314.331** | 448.779 | **1.098.023** | 1.255.872 |
| **Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда:** | | | | | |
| Негізгі компанияның акционеріне | | **309.648** | 392.923 | **988.695** | 1.146.510 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | | **4.683** | 55.856 | **109.328** | 109.362 |
| | | **314.331** | 448.779 | **1.098.023** | 1.255.872 |

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін | | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2019 жылғы (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы (аудиттелмеген) (қайта есептелгені*) | **2019 жылғы (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы (аудиттелмеген) (қайта есептелгені*) |
| **Салықтар шегерілген өзге де жиынтық кіріс** | | | | | |
| *Кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық кіріс* | | | | | |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | 15.8 | **87.199** | 215.300 | **49.928** | 222.607 |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған пайда | | **2.214** | 29 | **2.156** | 65 |
| Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша пайда/(шығын) | | **880** | (7.479) | **3.550** | (6.824) |
| Кезеңдегі пайда немесе шығын құрамына ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша шығынды қайта жіктеу | | **–** | – | **19.005** | – |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатқан кезде қайта бағалау бойынша резервті пайдаға немесе шығынға қайта жіктеу | | **(668)** | (139) | **(556)** | 10 |
| Шетелдік еншілес компаниялар құрамынан шыққан кезде шетел валютасына қайта есептеу бойынша резервті пайдаға немесе шығынға қайта жіктеу | | **–** | – | **–** | (476) |
| Қауымдасқан және бірлескен компаниялардың өзге де жиынтық кірісіндегі үлес | | **1.191** | 1.789 | **1.027** | 2.338 |
| Өзге де жиынтық кіріс құрамдауыштарының салық әсері | | **(5.849)** | – | **(3.325)** | – |
| **Кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық кіріс** | | **84.967** | 209.500 | **71.785** | 217.720 |
| *Кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс* | | | | | |
| Қауымдасқан және бірлескен компаниялардың өзге де жиынтық пайдасындағы/(шығынындағы) үлес | | **(4)** | (304) | **186** | (170) |
| Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық пайда/(шығын) | | **279** | (607) | **(1.853)** | 198 |
| Өзге де жиынтық кіріс құрамдауыштарының салық әсері | | **–** | 104 | **–** | (62) |
| **Кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс/(шығын)** | | **275** | (807) | **(1.667)** | (34) |
| **Табыс салығы шегерілген кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс** | | **85.242** | 208.693 | **70.118** | 217.686 |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы** | | **399.573** | 657.472 | **1.168.141** | 1.473.558 |

*9-57-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | | 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін | | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2019 жылғы (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы (аудиттелмеген) (қайта есептелгені*) | **2019 жылғы (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы (аудиттелмеген) (қайта есептелгені*) |
| **Табыс салығын шегергенде мыналарға тиесілі кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы:** | | | | | |
| Негізгі компанияның акционеріне | | **386.222** | 575.573 | **1.053.776** | 1.329.385 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | | **13.351** | 81.899 | **114.365** | 144.173 |
| | | **399.573** | 657.472 | **1.168.141** | 1.473.558 |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жүргізілген түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 2-ескертпеде келтірілген.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

*Бейбіт Қарымсақов*

Бас бухгалтер

*Алмаз Әбдірахманова*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| | | Негізгі компания Акционеріне тиесілі | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестиция-ларды қайта бағалау резерві | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Хеджирлеу резерві | Өзге де күрделі резервтер | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақылан-байтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2017 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудиттелген) (қайта есептелгені)** | | 5.133.476 | 13.189 | 29.012 | 941.704 | (54.666) | (16.742) | 3.908.470 | 9.954.443 | 1.817.529 | 11.771.972 |
| Кезеңдегі жиынтық кіріс | | – | – | 75 | 211.452 | (7.883) | – | 1.125.741 | 1.329.385 | 144.173 | 1.473.558 |
| Акциялар шығару | | | – | – | – | – | – | – | – | 563 | 563 |
| Дивидендтер | | – | – | – | – | – | – | – | – | (22.687) | (22.687) |
| Акционердің өзге де салымдары | | – | 3.979 | – | – | – | – | – | 3.979 | – | 3.979 |
| Акционерге өзге де бөлу | | – | – | – | – | – | – | (47.797) | (47.797) | (643) | (48.440) |
| Акционермен болатын өзге де операциялар | | | | | | | | (5.777) | (5.777) | – | (5.777) |
| Еншілес компаниялардың сатып алуы | | – | – | – | – | – | – | – | – | 76.762 | 76.762 |
| Еншілес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу | | – | – | – | 1.196 | – | – | 104.665 | 105.861 | (796.770) | (690.909) |
| Капиталдағы өзге де өзгерістер | | – | – | 108 | – | 1 | (1) | 82 | 190 | (368) | (178) |
| **2018 жылғы 30 қыркүйектегі сальдо (аудиттелмеген) (қайта есептелгені)*** | | 5.133.476 | 17.168 | 29.195 | 1.154.352 | (62.548) | (16.743) | 5.085.384 | 11.340.284 | 1.218.559 | 12.558.843 |

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | | Негізгі компания Акционеріне тиесілі | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестиция-ларды қайта бағалау резерві | Есептілік валютасын қайта есептеу резерві | Хеджирлеу резерві | Өзге де күрделі резервтер | Бөлінбеген пайда | Жиыны | Бақылан-байтын қатысу үлесі | Жиыны |
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудиттелген) (қайта есептелгені)*** | | 5.133.766 | 17.303 | 28.806 | 1.349.799 | (67.163) | (16.807) | 5.100.419 | 11.546.123 | 1.407.212 | 12.953.335 |
| Жаңа стандарттарды қолдану | 2 | – | – | – | – | – | – | (10.476) | (10.476) | (6.231) | (16.707) |
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудителген) (қайта есептелгені)*** | | 5.133.766 | 17.303 | 28.806 | 1.349.799 | (67.163) | (16.807) | 5.089.943 | 11.535.647 | 1.400.981 | 12.936.628 |
| Кезеңдегі жиынтық кіріс | | – | – | **1.726** | **43.245** | **21.307** | – | **987.498** | **1.053.776** | **114.365** | **1.168.141** |
| Акциялар шығару | 15.1 | **25.149** | – | – | – | – | – | – | **25.149** | **1.908** | **27.057** |
| Дивидендтер | 15.2 | – | – | – | – | – | – | – | – | **(42.077)** | **(42.077)** |
| Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт | 15.3 | – | – | – | – | – | – | **(1.796)** | **(1.796)** | – | **(1.796)** |
| Акционерге өзге де бөлу | 15.4 | – | – | – | – | – | – | **(73.056)** | **(73.056)** | – | **(73.056)** |
| Акционермен болатын өзге де операциялар | 15.5 | – | – | – | – | – | – | **(2.501)** | **(2.501)** | – | **(2.501)** |
| Акционерге активтерді беру | 15.6 | – | – | – | – | – | **166** | **(13.517)** | **(13.351)** | | **(13.351)** |
| Еншілес ұйымдардың сатып алуы | 5 | – | – | – | – | – | – | – | – | **85.804** | **85.804** |
| Еншілес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу | | – | – | – | – | – | **(312)** | **(1.526)** | **(1.838)** | **(504)** | **(2.342)** |
| Еншілес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыланбайтын қатысу үлесін сату | 15.7 | – | – | **(103)** | **58** | – | – | **6.351** | **6.306** | **36.972** | **43.278** |
| Капиталдағы өзге де өзгерістер | | – | – | **290** | **222** | **(222)** | **23** | **(297)** | **16** | **(2.348)** | **(2.332)** |
| **2019 жылғы 30 қыркүйектегі сальдо (аудиттелмеген)** | | **5.158.915** | **17.303** | **30.719** | **1.393.324** | **(46.078)** | **(16.930)** | **5.991.099** | **12.528.352** | **1.595.101** | **14.123.453** |

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте1 сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жүргізілген түзетулерді көрсетеді, олар ақпарат 2-ескертпеде келтірілген.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі ____________ *Бейбіт Қарымсақов*

Бас бухгалтер ____________ *Алмаз Әбдірахманова*

*9-57-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген)

| *Миллион теңгемен* | Ескерт. | **2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудиттелмеген) |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Сатып алушылардан ақша түсімдері | | **7.548.388** | 7.977.380 |
| Өнім берушілерге ақша төлемдері | | **(4.873.321)** | (4.899.681) |
| Жұмыскерлерге ақша төлемдері | | **(745.006)** | (695.739) |
| Өзге де салықтар мен төлемдер | | **(1.213.244)** | (1.087.955) |
| Қаржы құралдарымен болатын операциялар (Қор және «Қазпошта» АҚ) | | **14.426** | (58.018) |
| Өзге де (төлемдер)/түсімдер, нетто | | **(161.143)** | (61.242) |
| Бюджеттен ҚҚС-ны қайтару | | **63.764** | 65.748 |
| Төленген табыс салығы | | **(162.537)** | (123.291) |
| Төленген пайыздар | | **(305.280)** | (413.269) |
| Алынған пайыздар | | **123.635** | 134.860 |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі** | | **289.682** | 838.793 |
| **Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары** | | | |
| Банк депозиттерін (орналастыру)/алу, нетто | | **(155.715)** | 1.628.768 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу, нетто | | **(4.204)** | (3.018) |
| Сатып алынған еншілес ұйымдардың ақша қаражаты шегерілген еншілес ұйымдардың сатып алуы | 5 | **(170.580)** | 2.921 |
| Барлау және бағалау бойынша негізгі құралдар мен активтерді сатып алу | | **(734.766)** | (624.256) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | **(12.275)** | (7.557) |
| Шыққан компаниялардың ақша қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатудан түсімдер, нетто | | **62.716** | 8.138 |
| «БТА Банк» АҚ-ны сатудан түскен қаражатпен дебиторлық берешекті өтеу | | **30.318** | – |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер | 9 | **185.975** | 216.981 |
| Қарыздар беру | | **(8.693)** | (29.761) |
| Берілген қарыздарды өтеу | | **49.673** | 55.539 |
| Борыш құралдарын сатып алу | | **(72.818)** | (220.185) |
| Өзге де түсімдер, нетто | | **64.373** | 21.721 |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза (жұмсалуы)/түсімдері** | | **(765.996)** | 1.049.291 |
| **Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Қарыздар бойынша түсімдер | | **1.180.644** | 1.601.867 |
| Қарыздарды өтеу | | **(1.196.869)** | (2.597.803) |
| Еншілес ұйымның өз акцияларын сатып алуы | | **(2.396)** | (634.209) |
| Жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу | | **(64.465)** | (14.694) |
| Жарғылық капиталға жарналар | 15.1 | **25.000** | – |
| Акционерге бөлу | | **(97.644)** | (37.300) |
| Бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу | | **–** | (56.700) |
| Солтүстік Каспий жобасындағы бөлінбейтін қатысу үлесіне қосымша үлес сатып алу бойынша берешек төлеу | | **–** | (185.570) |
| Еншілес ұйымдарға бақылатынбайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер | | **(36.723)** | (22.136) |
| Өзге де төлемдер, нетто | | **(2.348)** | (803) |
| **Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатын таза жұмсау** | | **(194.801)** | (1.947.348) |
| **Ақша қаражаты және оның баламаларының таза азаюы** | | **(671.115)** | (59.264) |
| Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражатына және оның баламаларына әсері | | **(4.464)** | 141.993 |
| Сатуға арналған активтерге қайта топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс | | **4.007** | 15.472 |
| Күтілетін кредит шығындарынан болатын резервтегі өзгеріс | | **504** | (738) |
| Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары | 14 | **2.487.533** | 2.263.938 |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары** | 14 | **1.816.465** | 2.361.401 |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі — *Бейбіт Қарымсақов*

Бас бухгалтер — *Алмаз Әбдірахманова*

*9-57-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудиттелмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

### Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес құрылды. «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ны (бұдан әрі - «Самұрық») біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі - «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өзінің қатысу үлесін қосымша беру жолымен құрылу жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті білдіретін Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер») болып табылады.

Осы қайта ұйымдастыру кезіндегі Үкіметтің негізгі мақсаты менеджменттің тиімділігін арттыру және Үкіметтің тиісті бағдарламаларында белгіленген стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында Қордың еншілес ұйымдарындағы ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру болып табылады.

Қор *28-ескертпеде* санамаланған бірқатар мемлекеттік кәсіпорындарды (бұдан әрі - «Топ») біріктіретін холдинг болып табылады. Қордың қызметі 2012 жылғы 1 ақпанға дейін *«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы»* Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы №134-4 Заңымен реттелген және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған болатын. 2012 жылғы 1 ақпанда *«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы»* № 550-4 Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топ активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға шоғырлануы тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді *(32-ескертпе)*:

- мұнай-газ сегменті мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, шикі мұнайды, газ және қайта өңделетін өнімдерді өңдеу және сату операцияларын қамтиды;
- тасымалдау сегменті жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау операцияларын қамтиды;
- коммуникация сегменті жергілікті, қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері; сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері операцияларын қамтиды;
- энергетика сегменті электр энергиясын өндіру және беру, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық диспетчерлеу және импортталатын электр энергиясын пайдалану операцияларын, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды;
- тау-кен өндіру сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату, геологиялық барлау операцияларын қамтиды;
- өнеркәсіп сегментіне химия саласын дамыту кәсіпорындары жатады;
- Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржы операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыздар беруді қамтиды;
- өзгелер сегменті мемлекетке тұрғын үй құрылысына инвестицияларды салу арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда қолдау көрсету операцияларын және өзге де операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген офисі Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Е10 көшесі, 17/10 мекенжайында орналасқан.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2019 жылғы 10 қыркүйекте Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері бекітті.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік № 34 *«Аралық қаржылық есептілік»* бухгалтерлік есептің халықаралық стандартына («34 БЕХС») сәйкес дайындалды. Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауда талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулер кірмейді және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, барлық ақшалай сома миллион теңгеге дейін дөңгелектелген.

**Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзетулер**

***«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ («ҰАК» АҚ)***

*«Байкен-U» ЖШС-ын сатып алу және «Қызылқұм» ЖШС мен «Хорасан-U» ЖШС – қауымдасқан компанияларда иелік ету үлестерін ұлғайту*

2018 жылғы желтоқсанда Топ «Байкен-U» ЖШС-ға бақылауға ие болды. 2018 жылғы 31 желтоқсанда Топ сатып алынған активтер мен міндеттемелерді есепке алу үшін баланстық құнды қолданды, өйткені бағалау жөніндегі есеп есепті кезең соңына аяқталмай қалды. 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша тәуелсіз бағалаушы сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды аяқтады және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салыстырмалы ақпарат қайта есептелді.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Қызылқұм» ЖШС мен «Хорасан-U» БК» ЖШС-ға едәуір ықпалын сақтап қалды *(5-ескертпе)*. Топ 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Хорасан-U» БК» ЖШС-ға бақылау алынбады деген тұжырымға келді, өйткені қатысушылар Топқа қадағалау кеңесінде көпшілік дауысқа ие болуына мүмкіндік беретін құрылтай құжаттарына өзгертулерді мақұлдамады. 2018 жылғы 31 желтоқсанда Топ қауымдасқан компаниялардағы сатып алынған үлестерді есепке алу үшін баланстық құнды қолданды, өйткені бағалау жөніндегі есеп есепті кезең соңына аяқталмай қалды.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қауымдасқан компаниялардағы сатып алынған инвестициялардың әділ құнын бағалау аяқталды. 2018 жылғы 31 желтоқсанда Топ қауымдасқан компаниялардағы сатып алынған үлестерді осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте есепке алудың әділ құнын қолданды *(5-ескертпе)*.

*Бірлескен операциялар – «Ақбастау» БК» АҚ мен «Қаратау» ЖШС*

2018 жылғы 1-жарты жылдықта «Ақбастау» БК» АҚ мен «Қаратау» ЖШС, бірлескен операцияларды есепке алу әдісіне өту кезінде, сәйкестендірілетін сатып алынатын және 3 ҚЕХС-ке сәйкес ұйымның міндеттемелері мен шартты міндеттемелерін сатып алу кезінде қабылданған активтердің әділ құнын тәуелсіз бағалау амалы аяқталғанға дейін бұл активтер мен міндеттемелер алдын ала құны бойынша көрсетілді. 2018 жылдың соңында тәуелсіз бағалаушының бағалау жөніндегі есепті шығаруына орай, осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі салыстырмалы ақпарат 3 ҚЕХС-ке сәйкес лайықты түрде сатып алу әдісін қолдана отырып түзетілді.

***Sekerbank TAS-қа инвестициялар***

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде Топ Sekerbank TAS-тағы инвестицияларды сатуға арналған активтерден қауымдасқан компанияларға инвестициялар құрамына аударды. Тиісті түзетулер ретроспективті түрде енгізілді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзетулер (жалғасы)**

***«Forte Bank» АҚ-ның облигациялары***

Топ 2018 жылғы қыркүйекте бұрын «Forte Bank» АҚ-да орналастырылған банктік депозиттің босаған қаражаты есебінен «Forte Bank» АҚ облигацияларын сатып алды. «Forte Bank» АҚ-дағы депозиттің мерзімінен бұрын жабылуы нәтижесінде танылған дисконттың амортизациясы мен тану күнгі осы облигациялар бойынша дисконттың көрсетілуіне байланысты нетто негізде салыстырмалы ақпарат осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте түзетілді.

| *Миллион теңгемен* | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) | ҚАӨ ҰАҚ | Sekerbank TAS-қа инвестициялар | 2018 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені) |
|---|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | | |
| Негізгі құралдар | 12.669.551 | 7.811 | – | 12.677.362 |
| Материалдық емес активтер | 1.611.163 | 73.851 | – | 1.685.014 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 3.664.897 | 18.568 | 17.986 | 3.701.451 |
| Қорлар | 611.094 | 765 | – | 611.859 |
| Акционерге сатуға және бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер | 200.396 | – | (17.986) | 182.410 |
| **Активтер жиыны** | **25.645.356** | **100.995** | **–** | **25.746.351** |
| **Капитал** | | | | |
| Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв | 1.333.529 | – | 16.270 | 1.349.799 |
| Бөлінбеген пайда | 5.078.098 | 38.591 | (16.270) | 5.099.496 |
| Негізгі компанияның акционеріне тиесілі капитал | 11.507.532 | 38.591 | – | 11.546.123 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | 1.364.353 | 42.859 | – | 1.407.212 |
| **Капитал жиыны** | **12.871.885** | **81.450** | **–** | **12.953.335** |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | | |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | 915.415 | 19.545 | – | 934.960 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **12.773.471** | **19.545** | **–** | **12.793.016** |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | **25.645.356** | **100.995** | **–** | **25.746.351** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

### Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзетулер (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудиттелмеген) | ҚАӨ ҰАК | Sekerbank TAS-қа инвестициялар | «Forte Bank» АҚ облигация-лары | 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудиттелмеген) (қайта есептелгені |
|---|---|---|---|---|---|
| Сатудың өзіндік құны | (5.688.355) | (7.566) | – | – | (5.695.921) |
| **Жалпы пайда** | **1.797.007** | **(7.566)** | – | – | **1.789.441** |
| Құнсызданудан болған шығын, нетто | (76.471) | – | 9.920 | – | (66.551) |
| Бизнесті біріктіруден түскен пайда | 96.858 | 216.659 | – | – | 313.517 |
| **Операциялық қызметтен болған пайда** | **984.792** | **209.093** | **9.920** | **–** | **1.203.805** |
| Қаржы шығындары | (546.288) | – | – | 46.021 | (500.267) |
| Қаржы кірісі | 220.088 | – | – | (46.021) | 174.067 |
| Өзге де операциялық емес кіріс, нетто | 6.205 | (96) | – | – | 6.109 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі, нетто | 569.117 | – | 1.577 | – | 570.694 |
| **Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда** | **1.321.157** | **208.997** | **11.497** | – | **1.541.651** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | (284.025) | 1.788 | – | – | (282.237) |
| **Жалғасып отырған қызметтен болған кезеңдегі пайда** | **1.037.132** | **210.785** | **11.497** | **–** | **1.259.414** |
| **Кезеңдегі таза пайда** | **1.033.590** | **210.785** | **11.497** | **–** | **1.255.872** |
| **Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда** | | | | | |
| Негізгі компанияның акционеріне | 923.634 | 211.379 | 11.497 | – | 1.146.510 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | 109.956 | (594) | – | – | 109.362 |
| **Салықтар шегерілген өзге де жиынтық кіріс** | | | | | |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | 234.216 | – | (11.609) | – | 222.607 |
| Қауымдасқан және бірлескен компаниялардың өзге де жиынтық кірісіндегі үлесі | 2.226 | – | 112 | – | 2.338 |
| **Кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық кіріс/(шығын)** | **229.217** | **–** | **(11.497)** | – | **217.720** |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс/(шығын)** | **229.183** | **–** | **(11.497)** | – | **217.686** |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы** | **1.262.773** | **210.785** | **–** | – | **1.473.558** |
| **Мыналарға келетін, табыс салығы шегерілген, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы** | | | | | |
| Негізгі компанияның акционеріне | **1.118.006** | **211.379** | **–** | – | **1.329.385** |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | **144.767** | **(594)** | **–** | – | **144.173** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

### Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзетулер (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудиттелмеген) | ҚАӨ ҰАК | Sekerbank TAS-қа инвестициялар | «Forte Bank» АҚ облигация-лары | 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін (аудиттелмеген) (қайта есептелгені |
|---|---|---|---|---|---|
| Сатудың өзіндік құны | (2.002.408) | (999) | – | | (2.003.407) |
| **Жалпы пайда** | **712.935** | **(999)** | **–** | | **711.936** |
| Құнсызданудан болған шығын, нетто | (79) | – | 5.322 | | 5.243 |
| **Операциялық қызметтен болған пайда** | **409.081** | **(999)** | **5.322** | | **413.404** |
| Қаржы шығындары | (170.278) | – | – | 46.021 | (124.257) |
| Қаржы кірісі | 84.203 | – | – | (46.021) | 38.182 |
| Өзге де операциялық емес шығын, нетто | (702) | (65) | – | – | (767) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі, нетто | 211.341 | – | 478 | – | 211.819 |
| **Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда** | **563.333** | **(1.064)** | **5.800** | – | **568.069** |
| **Жалғасып отырған қызметтен болған кезеңдегі пайда** | **444.043** | **(1.064)** | **5.800** | – | **448.779** |
| **Кезеңдегі таза пайда** | **444.043** | **(1.064)** | **5.800** | – | **448.779** |
| **Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда** | | | | | |
| Негізгі компанияның акционеріне | 388.187 | **(1.064)** | **5.800** | – | 392.923 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | 55.856 | – | – | – | 55.856 |
| **Салықтар шегерілген өзге де жиынтық кіріс** | | | | | |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | 221.297 | – | (5.997) | – | 215.300 |
| Қауымдасқан және бірлескен компаниялардың өзге де жиынтық кірісіндегі үлесі | 1.592 | – | 197 | – | 1.789 |
| **Кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық кіріс/(шығын)** | **215.300** | **–** | **(5.800)** | – | **209.500** |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс/(шығын)** | **214.493** | **–** | **(5.800)** | – | **208.693** |
| **Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы** | **658.536** | **(1.064)** | **–** | – | **657.472** |
| **Мыналарға келетін, табыс салығы шегерілген, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы** | | | | | |
| Негізгі компанияның акционеріне | **576.637** | **(1.064)** | **–** | – | **575.573** |
| Бақыланбайтын қатысу үлесіне | **81.899** | **–** | **–** | – | **81.899** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

### Шетел валютасын қайта есептеу

*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Топтың 2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған Топтың әрбір кәсіпорындарының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол Топтың есептілігін білдіру валютасы болып табылады.

*Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде және жыл аяғындағы бағамдар бойынша шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындаған бағамдық айырмадан пайда болатын кірістер мен шығындар пайдалар мен шығындар болып мойындалады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

*Топтың кәсіпорындары*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына былайша қайта есептеледі:

- ұсынылған бухгалтерлік баланстардың әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күндердегі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар кезеңдегі орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

*Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

| | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | 2018 жылғы 31 желтоқсан | **2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін орташа алынған бағам** | 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін орташа алынған бағам | **2019 жылғы 29 қараша** |
|---|---|---|---|---|---|
| АҚШ доллары | **387,99** | 384,20 | **381,52** | 326,53 | **386,35** |
| Еуро | **423,72** | 439,37 | **428,67** | 395,39 | **425,14** |
| Ресей рублі | **5,98** | 5,52 | **5,87** | 5,5 | **6,03** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және колданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралык кыскартылған шоғырландырылған каржылык есептілікті дайындау кезінде кабылданған есепке алу кағидаттары, 2019 жылдың 1 каңтарына күшіне енген кабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді коспағанда, 2018 жылғы 31 желтоксанда аякталған жыл үшін Топтың жылдык шоғырландырылған каржылык есептілігін дайындау кезінде колданылған кағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірак әлі күшіне енбеген кандай-да бір баска стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын колданған жок.

- 23 *«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік»* ХҚЕТК (IFRIC) түсіндіруі;
- 9 *«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар»* ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер;
- 19 *«Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу»* ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер;
- 28 *«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»* ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер;
- ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жылдар:
    - 3 *«Бизнестерді біріктіру»* ҚЕХС (IFRS);
    - 11 *«Бірлескен кәсіпкерлік»* ҚЕХС (IFRS);
    - 12 *«Пайда салықтары»* ҚЕХС (IAS);
    - 23 *«Қарыздар бойынша шығындар»* ҚЕХС (IAS).

Жоғарыда көрсетілген барлык түзетулер Топтың аралык шоғырландырылған каржылык есептілігіне әсерін тигізбеді.

*16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS)*

Топ 16 *«Жалдау»* ҚЕХС-ті (IFRS) алғаш рет колданды. 34 ҚЕХС-тің (IAS) талаптарына сай мұндай өзгерістердің сипаты мен әсері туралы акпарат төменде ашылып көрсетілген.

16 ҚЕХС (IFRS) 17 *«Жалдау»* ҚЕХС-ті (IAS) ауыстырады, 4 *«Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау»* ХҚЕТК (IFRIC) түсіндірмесі, 15 *«Операциялық жалдау – стимулдар»* ПКР (SIC) түсіндірмесі және 27 *«Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау»* түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы акпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету кағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлык жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді.

16 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 ҚЕХС-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ҚЕХС (IAS) сиякты дәл сондай жіктеу кағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялык және каржылык. Осылайша, 16 ҚЕХС (IFRS) колдану Топ жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Топ 16 ҚЕХС-ті (IFRS) 2019 жылғы 1 каңтардан бастап түрлендірілген ретроспективті пайдалану әдісімен колданды. Бұл әдіске сай стандарт бастапкы мойындау күніне стандартты бастапкы колданудың жалпы әсерін мойындай отырып ретроспективті түрде колданылады. Стандартка өту кезінде Топ бастапкы мойындау күніне 17 ҚЕХС-ті (IAS) және 4 ХҚЕТК (IFRIC) Түсіндірмелерін колдана отырып стандартты жалдау шарттары ретінде бұрын сәйкестендірілген шарттарға ғана колдануға мүмкіндік беретін іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Сондай-ак Топ солар бойынша жалдау мерзімі жалдаудың басталу күніне 12 айдан артык емес мерзімді құрайтын және сатып алу опционын (кыска мерзімді жалдау) камтитын жалдау шарттары үшін, сондай-ак солар бойынша базалык активтің төмен құны бар (құны төмен активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)*

16 ҚЕХС-ті (IFRS) қолданудың қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есепке әсері:

| *Миллион теңгемен* | 2019 жылғы 1 қаңтарда |
|---|---|
| **Активтер** | |
| Негізгі құралдар | 212.337 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер | 2.345 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | (2.374) |
| Өтелуге жататын ҚҚС | 144 |
| Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер | 208 |
| **Активтер жиыны** | **212.660** |
| **Капитал** | |
| Бөлінбеген пайда | (10.476) |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | (6.231) |
| | **(16.707)** |
| **Міндеттемелер** | |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 229.567 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | (633) |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | (123) |
| Резервтер | 348 |
| Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған ретінде жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер | 208 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | **212.660** |

16 ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану әсерінің сипаты

Топтың үйлер мен ғимараттарды, түрлі қондырғыларды, машиналарды, көлік құралдары мен басқа да негізгі құралдарды жалдау шарттары бар. 16 ҚЕХС (IFRS) қолданғанға дейін Топ жалдау қатынастарының басталу күніне әрбір жалдау шартын (сол бойынша жалға алушы болған) қаржылық жалдау ретінде немесе операциялық жалдау ретінде жіктеді. Егер Топқа жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда іс жүзінде берілген болса, жалдау шарты қаржылық жалдау ретінде жіктелді; өйтпеген жағдайда жалдау шарты операциялық жалдау ретінде жіктелді. Қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталдандырылады немесе егер бұл сома аз болса, жалдау қатынастарының басталу күніне айқындалған ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша. Жалдау төлемдері пайыздар (қаржыландыру шығындары ретінде танылған) арасында бөлінді және жалдау бойынша міндеттемелер азайды. Операциялық жалдау жағдайында жалға алынған мүліктің құны капиталданбады, ал жалдау төлемдері жалдау шығыстары ретінде пайданың немесе шығынның құрамында жалдау мерзімінің бойына тікжелілік әдіспен мойындалды. Барлық аванстық жалдау төлемдері мен есептелген жалдау төлемдері алынған аванстар, сауда кредиторлық берешек және тиісінше басқа да ағымдағы міндеттемелер ретінде танылды.

16 ҚЕХС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Топ, қысқа мерзімді жалдаудан және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді пайдалануды бастады. Топ стандартта көзделген іс жүзіндегі сипаттағы айрықша ауыспалы талаптар мен жеңілдіктерді қолданды.

- <u>Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау</u>

Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау үшін Топ бастапқы мойындау күніне мойындалған активтер мен міндеттемелердің бастапқы баланстық құнын өзгертпеді (яғни жалдау бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен міндеттемелер 17 ҚЕХС-ті (IAS) қолдана отырып танылған жалдау бойынша активтердің және жалдау бойынша міндеттемелердің көлеміне тең сомада бағаланды). 16 ҚЕХС (IFRS) талаптары мұндай жалдауға 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)*

16 ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану әсерінің сипаты (жалғасы)

- Бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау

Топ, қысқа мерзімді жалдаудан және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау үшін пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен жалдау бойынша міндеттемелерді мойындады. Жалдау шарттарының көпшілігі бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер баланстық құны бойынша бағаланды, егер стандарт әрдайым қолданғандай болса, бірақ бастапқы мойындау күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған. Кейбір жалдау шарттарында пайдалану құқығы нысанындағы активтер бұрын мойындалған мұндай жалдауға орай күні бұрын жүзеге асырылған немесе есептелген жалдау төлемдерінің көлеміне түзете отырып, жалдау бойынша міндеттемелерге тең көлем бойынша мойындалды. Жалдау бойынша міндеттемелер бастапқы мойындау күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша танылды.

Сондай-ақ Топ іс жүзіндегі сипаттағы барлық қолжетімді жеңілдіктерді қолданды.

Төменде 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалдау міндеттемелері 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық жалдаудың шарттық міндеттемелерімен салыстырып тексеру көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | |
|---|---|
| **2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер** | **277.121** |
| 2019 жылғы 1 қаңтарға қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі бойынша дисконт әсері | (63.368) |
| **2019 жылғы 1 қаңтарға операциялық жалдау бойынша дисконтталған шарттық міндеттемелер** | **213.753** |
| Қысқа мерзімді жалдауға байланысты шарттық міндеттемелерді шегере отырып | (8.567) |
| Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдаумен байланысты шарттық міндеттемелерді қоса | 156.493 |
| 2018 жылғы 31 желтоқсанда мойындалмаған, ұзарту опционымен көзделген кезеңдердегі төлемдер | 24.381 |
| **2019 жылғы 1 қаңтарға жалдау бойынша міндеттемелер** | **386.060** |

16 ҚЕХС-ті (IFRS) қолданудың ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есепке әсері

17 ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес операциялық жалдау бойынша төлемдер операциялық қызметтен болған ақша қаражаты ағындарының бір бөлігі ретінде білдірілген уақытта, 16 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес жалдау төлемдері жалдау міндеттемесінің пайыздық бөлігі мен оның негізгі бөлігін өтеу бойынша ақша төлемдеріне бөлінеді. 16 ҚЕХС-тің (IFRS) талаптарына сәйкес Топ қаржы қызметінен болған ақша ағындарындағы негізгі борыштың өтелуін көрсетті. Топтың Корпоративтік есеп саясатына сәйкес төленген пайыздар операциялық қызметтен болған ақша қаражаты ағындарының бір бөлігі ретінде жіктеледі. Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер, құны төмен активтерді жалдау төлемдері мен жалдау міндеттемесін бағалауға қосылмаған ауыспалы жалдау төлемдері операциялық қызметтің бір бөліктері ретінде көрсетілген.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)*

Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері

Төменде бастапқы мойындалған күннен бастап қолданылған 16 ҚЕХС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Топтың жаңа есеп саясатының негізгі ережелері көрсетілген:

- Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығынды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Егер Топта ол жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатындығына жеткілікті сенімділігі болмаса, пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив келесі кезеңдердің ең қысқасының бойына желілік әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

- Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ, егер жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмаса, жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен бірге, жалдау мерзімі түрлендірілген, өзгертілген, іс мәні бойынша белгіленген жалдау төлемдері өзгертілген немесе базалық активті сатып алу опционын бағалау амалы өзгертілген жағдайда жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құны қайта бағаланады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)*

Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

- Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау

Топ қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды негізгі құралдарды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Сондай-ақ Топ төмен құны бар активтерді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде танылады.

- Ұзарту опционымен жасалған шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезіндегі елеулі пайымдаулар

Топ жалдау мерзімін соларға қатысты жалдауды ұзарту опционы көзделген кезеңдермен бірге, егер ол орындалады деген жеткілікті сенімділік болса, немесе егер ол орындалмайды деген жеткілікті сенімділік болса, соған қатысты жалдауды тоқтату опционы көзделген кезеңдермен бірге жалдау кезеңі мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатпайтын ретінде айқындайды.

Топ осы пайымдауды ол ұзартуға арналған бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділіктің болуын айқындау үшін қолданады. Бұл ретте ол жалдауды ұзарту опционын орындау үшін экономикалық ынтаның пайда болуына әкеп соқтыратын барлық орынды факторларды ескереді. Жалдаудың басталу күнінен кейін Топ маңызды оқиға туындаған кезде не болмаса Топқа бағынышты болатын және оның жалдауды ұзарту опционын орындау (немесе орындай алмау) қабілетіне әсер ететін жағдайлар өзгерген кезде (мысалы, бизнес-стратегияның өзгеруі) жалдау мерзімін қайталап бағалайды.

## 3. ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ

Топтың операциялық шығындары маусымдық құбылуларға ұшырағыш келеді. Бұл ретте материалдарға, өндірістік қызметтерге, техникалық қызмет көрсетуге және басқа да қызметтерге барынша жоғары шығындар алғашқы алты айда емес, әдетте екінші жартыжылдықта күтіледі. Мұндай құбылулар, негізінен, екінші жарты жылдықтың ішінде тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін алғашқы жарты жылдықтың ішінде ресми ашық тендерлерді өткізу талаптарынан туындаған.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ қолданылатын есеп саясатына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалауды пайдаланып, жорамалдар жасайды. Іс жүзіндегі нәтижелер осы бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау процесінде Топтың есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде басшылық жасаған негізгі пікірлер мен бағалаудың шешуші көздері 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған пікірлер мен бағалауларға сәйкес келеді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

**«Хан Тенгри Холдинг Б.В.»**

2019 жылғы 23 мамырда Топ Tele2 A.B.-мен «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акционерлік капиталының калған 49%-ын және айналымдтағы барлық акциялар бойынша дауыс беруші акциялардың 50,52%-ын сатып алуға арналған келісімді жасады және сатып алу процесін 2019 жылғы 28 маусымда аяктады.

Топ сатып алған үлестің калған 49% үшін берілген сыйақы 181.535 миллион теңгені құрады, оған коса 101.118 миллион теңге мөлшерінде төленген акша каражаты және Tele2 A.B. алдындағы карызды өтеу максатында 80.417 миллион теңге мөлшерінде «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС («МТС») берген карыз.

2016 жылғы 25 акпанда Топ «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» кауымдаскан ұйымның міндеттемелері бойынша, 2024 жылғы 19 желтоксанға дейінгі мерзімге 10.009 миллион теңгеге дейінгі кредит лимитімен «Қазакстанның Даму Банкі» АҚ-дағы кредит желісі бойынша кепілдігін берді. 937 миллион теңге мөлшерінде берілген кепілдік «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» кауымдаскан ұйымдағы калған акцияларды сатып алуға орай бизнесті біріктіру мәмілесінің құнына косылды.

2019 жылғы маусымда Топ ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құкықтарын корғау комитетінен сенімгерлік баскару туралы келісімнің талаптарын мақұлдауын алды, олар Топ «Хан-Тенгри Холдинг Б.В.»-ді бакылайтындығына нұскайды.

Топтың «Хан-Тенгри Холдинг Б.В.»-дегі катысу үлесі бакылауды алу күніне дейін үлестік катысу әдісін пайдалана отырып аралык кыскартылған шоғырландырылған каржылык есептілікте көрсетілді.

Егер ұйымдардың бірігуі жыл басында болса, Топ түсімі 339.260 миллион теңгені, ал салык салынғанға дейінгі пайдасы 78.743 миллион теңгені құраған еді.

100.398 миллион теңгеге тең болатын гудвил сомасына сатып алудан күтілетін синергетикалык әсердің құны жатады. Гудвилдің барлык сомасы коммуникациялар сараланымына жаткызылды. Мойындалған гудвил салык салу максатында толык көлемде де, ішінара да есептен шығарылмайды.

2019 жылғы 30 кыркүйекте аякталған тоғыз айдың ішінде Топ үлестік катысу әдісімен айкындалған колдағы катысу үлесін кайта бағалау нәтижесінде, 17.310 миллион теңге сомасында, үлестік катысу әдісімен ескерілетін кауымдаскан ұйымдағы бастапкы катысу үлесін кайта бағалаудан түскен кірісті мойындады және 99.211 миллион теңгені құраған бакылауды алу күніне оның әділ құнына дейін 81.901 миллион теңгені құрады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ (жалғасы)

### «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» (жалғасы)

Сатып алу күніне «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясының сәйкестендірілетін активтерінің, міндеттемелері мен шартты міндеттемелерінің алдын ала әділ құны былайша берілген:

| *Миллион теңгемен* | **Сатып алу күнгі** |
|---|---|
| **Активтер** | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | |
| Негізгі құралдар | 126.230 |
| Материалдық емес активтер | 112.272 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер | 14.945 |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері | 78 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 2.060 |
| | |
| **Қысқа мерзімді активтер** | |
| Қорлар | 909 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | 1.160 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | 614 |
| Сауда дебиторлық берешек | 15.801 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 3.312 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 5.392 |
| **Активтер жиыны** | **282.773** |
| | |
| **Міндеттемелер** | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | |
| Қарыздар | 7.551 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 21.530 |
| Резервтер | 4.527 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | 24.004 |
| | |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | |
| Қарыздар | 2.705 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 5.383 |
| Резервтер | 299 |
| Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы | 1.134 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 26.747 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 9.482 |
| | **103.362** |
| | **179.411** |
| | |
| Минусы: | |
| 49%-дық қатысу үлесі үшін берілген сыйақы | 181.535 |
| Бастапқы 51%-дық қатысу үлесінің әділ құны | 99.211 |
| | **280.746** |
| | |
| Сатып алу күніне сатып алынған сәйкестендірілетін активтердің әділ құны | (179.411) |
| «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС-не берілген кепілдік | (937) |
| **Гудвил** | **100.398** |
| | |
| **Сатып алу кезіндегі ақша ағындарын талдау** | |
| Еншілес ұйымда сатып алынған ақша қаражатының таза сомасы | 5.392 |
| Берілген сыйақы | (181.535) |
| **Ақша қаражатының таза ағыны** | **(176.143)** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ (жалғасы)

### «Хорасан-U» БК» ЖШС

Топ «Хорасан-U» БК» ЖШС-не бақылауды 2019 жылғы 20 ақпанда алды. Топ сәйкестендірілетін активтердің, міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің әділ құнын 3 «Бизнесті сатып алу» ҚЕХС-тің талаптарына сәйкес бағалады. Сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құнын тәуелсіз кәсіпқой бағалаушы бағалады.

Төменде сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құны және мұндай сатып алумен байланысты туындаған теріс гудвил туралы ақпарат көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | **Сатып алу күнгі** |
|---|---|
| **Активтер** | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | |
| Негізгі құралдар | 22.808 |
| Материалдық емес активтер | 178.856 |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері | 3.409 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 882 |
| **Қысқа мерзімді активтер** | 8.873 |
| Қорлар | 1.736 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | 10.038 |
| Сауда дебиторлық берешек | 62 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 5.563 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | **232.227** |
| **Активтер жиыны** | |
| **Міндеттемелер** | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | 1.240 |
| Резервтер | 36.873 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | |
| | 17.441 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | 118 |
| Қарыздар | 4.526 |
| Резервтер | 421 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | **60.619** |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | **171.608** |
| **Міндеттемелер жиыны** | |
| **Таза активтер жиыны** | |
| | (85.804) |
| Минусы: | (31.154) |
| Бақыланбайтын қатысу үлесі | **54.650** |

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда пайдада немесе шығында танылған бизнесті сатып алудан болған нәтижеге 2.150 миллион теңге мөлшерінде сатып алумен байланысты теріс гудвилл және 52.500 миллион теңге мөлшерінде қауымдасқан кәсіпорынға инвестицияның әділ құнының сатып алу күніне оның баланстық құнынан асуы жатады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 6. ШЫҒАРУЛАР ЖӘНЕ АКЦИОНЕРГЕ САТУҒА НЕМЕСЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР

### Шығару

*«KMG Retail» ЖШС*

2019 жылғы 8 ақпанда Топ «KMG Retail» ЖШС-тегі қатысу үлесінің 100%-ын 60.512 миллион теңгеге сатуды аяқтады, ол сатуға арналған ретінде жіктелген шығатын топ ретінде жіктелді.

Бақылаудан айырылған күнгі «KMG Retail» ЖШС-нің таза активтері былайша берілген:

| *Миллион теңгемен* | Шығару күнгі таза активтер |
|---|---|
| Негізгі құралдар | 34.266 |
| Материалдық емес активтер | 42 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 6.556 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 138 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 2.288 |
| **Активтер жиыны** | **43.290** |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 203 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 56 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **259** |
| **Таза активтер жиыны** | **43.031** |

«KMG Retail» ЖШС-тің есептен шығарылуынан болған пайда 17.481 миллион теңгені құрады.

*«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (ҚБТУ)*

2019 жылғы қаңтарда «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ ҰК») мен «Нұрсұлтан Назарбаев білім беру қоры» қоғамдық қоры арасында жасалған ҚБТУ қатысу үлесінің 100% сатып алу-сату шарты күшіне енді. Сатып алу-сату шартының талаптарына сай акциялардың берілуі және солар үшін 11.370 миллион теңгенің төленуі екі жылдың ішінде үш траншпен жүзеге асырылады. 2019 жылғы 6 ақпанда ҰК ҚМГ 3.339 миллион теңге сомада акцияладың алғашқы 30% ақысын алды. ҚМГ ҰК акциялардың 30% берілгеннен және акциялардың қалған 70% сенімгерлік басқару шартына қол қойылғаннан кейін ҚБТУ-ға бақылаудан айырылды деп есептейді.

Бақылаудан айырылу күніне ҚБТУ-дың таза активтері былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Шығару күнгі таза активтер |
|---|---|
| Негізгі құралдар | 6.367 |
| Материалдық емес активтер | 1.964 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 2.091 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер | 98 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 37 |
| Қорлар | 120 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | 77 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | 103 |
| Сауда дебиторлық берешек | 504 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 158 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 4.732 |
| **Активтер жиыны** | **16.251** |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 267 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 3.940 |
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер | 823 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **5.030** |
| **Таза активтер жиыны** | **11.221** |

ҚБТУ 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап есептен шығарылу күніне дейінгі кезеңде шеккен 143 миллион теңге сомадағы шығынды шегере отырып ҚБТУ есептен шығарылуынан болған пайда 6 миллион теңгені құрады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 6. ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУЛАР ЖӘНЕ АКЦИОНЕРГЕ САТУҒА НЕМЕСЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР (жалғасы)

### Есептен шығарулар (жалғасы)

*«Тараз химия паркі АЭА» БК» АҚ (бұдан әрі – «Хим парк»)*

2019 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы Қаулысының негізінде Топ Хим паркі акциялары пакетінің 90% «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ-ге берді. Химпарк активтерінің таза сомасы 7.906 миллион теңге болды.

Хим парктің 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 103 миллион теңге сомасында есептен шығару күніне дейінгі операциялық қызметінен болған шығынды шегере отырып есептен шығарудан болған таза шығын 89 миллион теңге болды.

Бақылаудан айырылу күнгі Химпарктің таза активтері былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | **Есептен шығару күнгі таза активтер** |
|---|---|
| Негізгі құралдар | 4.283 |
| Материалдық емес активтер | 5 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 1.878 |
| Қорлар | 25 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | 265 |
| Сауда дебиторлық берешек | 19 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 12 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 1.980 |
| **Активтер жиыны** | **8.467** |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 132 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 429 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **561** |
| **Таза активтер жиыны** | **7.906** |

*«Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ және «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ*

Қор 2019 жылғы 10 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 шілдедегі қаулысына сәйкес үш әуежайдың - «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ және «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ-ның акцияларының бақылау пакеттерін «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ пайдасына берді. Әуежайлардың таза активтерінің сомасы 9.810 миллион теңгені құрады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 6. ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУЛАР ЖӘНЕ АКЦИОНЕРГЕ САТУҒА НЕМЕСЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР (жалғасы)

### Есептен шығарулар (жалғасы)

*«Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ және «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ (жалғасы)*

Бақылауды жоғалтқан күні әуежайлардың таза активтері былайша берілген:

| | Есептен шығару күнгі таза активтер | | |
|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ | «Павлодар әуежайы» АҚ | «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ |
| Негізгі құралдар | 4.895 | 1.091 | 3.550 |
| Материалдық емес активтер | 18 | – | 4 |
| Қорлар | 301 | 26 | 221 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | – | 3 | 4 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | – | 3 | 2 |
| Сауда дебиторлық берешек | 90 | 15 | 26 |
| Өзге де қысқа және ұзақ мерзімді активтер | 36 | 6 | 19 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 271 | 42 | 225 |
| **Активтер жиыны** | **5.611** | **1.186** | **4.051** |
| | | | |
| Алынған қарыздар | – | | 81 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | – | 30 | 557 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 18 | 22 | 30 |
| Өзге де қысқа және ұзақ мерзімді активтер | 81 | 39 | 180 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **99** | **91** | **848** |
| **Таза активтер жиыны** | **5.512** | **1.095** | **3.203** |

### Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған деп жіктелген активтер

Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Сегмент | 2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген) | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) (қайта есептелгені) |
|---|---|---|---|
| **Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер** | | **133.242** | 182.410 |
| «Транстелеком» АҚ | Тасымалдау | **96.875** | 96.283 |
| «KMG Retail» ЖШС | Мұнай-газ | **–** | 43.632 |
| «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ | Мұнай-газ | **–** | 15.704 |
| Өзгесі | | **36.367** | 26.791 |
| | | | |
| **Акционерге бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер** | | **35.614** | – |
| «МАЭК – Қазатомөнеркәсіп» ЖШС | Энергетика | **35.614** | – |
| | | **168.856** | 182.410 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 6. ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУЛАР ЖӘНЕ АКЦИОНЕРГЕ САТУҒА НЕМЕСЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР (жалғасы)

### Акционерге бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер (жалғасы)

Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған ретінде жіктелген активтерге байланысты міндеттемелер былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Сегмент | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|---|
| **Сатуға арналған ретінде жіктелген активтерген байланысты міндеттемелер** | | **78.261** | 95.076 |
| «Транстелеком» АҚ | Тасымалдау | **77.213** | 81.992 |
| «KMG Retail» ЖШС | Мұнай-газ | **–** | 375 |
| «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ | Мұнай-газ | **–** | 4.659 |
| Өзгесі | | **1.048** | 8.050 |
| **Акционерге бөлуге арналған ретінде жіктелген активтерге байланысты міндеттемелер** | | **10.245** | – |
| «МАЭК – Қазатомөнеркәсіп» ЖШС | Энергетика | **10.245** | – |
| | | **88.506** | 95.076 |

«МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-тің бақылау үлесін «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ пайдасына беру бойынша жақын арадағы 12 айда жоспарланып отырған іс-шараларға сәйкес Қор 25.369 миллион теңге мөлшерінде «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-тің таза активтерін Акционерге беруге арналған Активтер ретінде жіктеді.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

### 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдардағы қозғалыс былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ активтері | Құбыржолдар және МӨЗ активтері | Ғимарат және құрылыстар | Теміржол жолдары және инфра-құрылым | Машиналар, жабдық және көлік құралдары | Тау-кен активтері | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2019 жылғы 1 қаңтарға қалдық құны (аудиттелген) (қайта есептелгені)** | 4.290.879 | 2.339.017 | 993.331 | 1.098.920 | 2.876.451 | 139.094 | 83.393 | 856.277 | 12.677.362 |
| 16 ҚЕХС-тің талаптарына сәйкес есептік кезең басындағысальдодағы өзгерістер *(2-ескертпе)* | **47.124** | **5.559** | **45.256** | **–** | **110.672** | **–** | **3.726** | **–** | **212.337** |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **37.491** | **5.357** | **1.420** | **61** | **4.256** | **–** | **244** | **319** | **49.148** |
| Есепті бағалаудағы өзгерістер | **18.126** | **2.489** | **25** | **–** | **(8)** | **1.283** | **–** | **–** | **21.915** |
| Түсімдер | **48.840** | **1.139** | **16.727** | **107** | **49.925** | **19.794** | **4.290** | **358.533** | **499.355** |
| Жалдау шарттары бойынша түсімдер | **3.916** | **90** | **3.096** | **–** | **102.228** | **–** | **841** | **–** | **110.171** |
| Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу *(5-ескертпе)* | **–** | **–** | **15.393** | **–** | **67.319** | **22.627** | **22.350** | **18.486** | **146.175** |
| Шығару | **(17.058)** | **(3.863)** | **(16.458)** | **(781)** | **(51.038)** | **–** | **(5.920)** | **(15.106)** | **(110.224)** |
| Тозу бойынша шығыстар | **(169.172)** | **(111.407)** | **(44.459)** | **(26.595)** | **(221.681)** | **(21.491)** | **(13.135)** | **–** | **(607.940)** |
| Тозу және шығулар бойынша құнсыздану | **9.405** | **3.735** | **9.067** | **329** | **28.024** | **–** | **5.158** | **735** | **56.453** |
| Түзету жасауды шегергендегі құнсыздануға арналған резерв, нетто | **1.748** | **(86.429)** | **(5.262)** | **(197)** | **(31.932)** | **(966)** | **(384)** | **(7.478)** | **(130.900)** |
| Тоқтатылған қызмет/Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған активтерден/(ге) аударымдар | **8.552** | **(60)** | **(23.376)** | **–** | **(31.728)** | **(3.204)** | **(1.476)** | **(226)** | **(51.518)** |
| Материалдық емес активтерден/(ге) аударымдар | **(201)** | **–** | **–** | **–** | **(3)** | **–** | **61** | **(5.866)** | **(6.009)** |
| Барлау және бағалау бойынша активтерден/(ге)/инвестициялық жылжымайтын мүліктен/(ке) аударымдар | **1.950** | **–** | **15.068** | **–** | **146** | **6.284** | **2.354** | **1.028** | **26.830** |
| Қорлардан/(ға) аударымдар, нетто | **25** | **2.910** | **39** | **(410)** | **3.902** | **1.652** | **(1.637)** | **1.830** | **8.311** |
| Өзге де аударымдар және қайта топтасулар | **117.240** | **35.542** | **60.595** | **28.802** | **215.204** | **–** | **5.996** | **(463.379)** | **–** |
| **2019 жылғы 30 қыркүйектегі қалдық құны (аудиттелмеген)** | **4.398.865** | **2.194.079** | **1.070.462** | **1.100.236** | **3.121.737** | **165.073** | **105.861** | **745.153** | **12.901.466** |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

### 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ активтері | Құбыржолдар және МӨЗ активтері | Ғимарат және құрылыстар | Теміржол жолдары және инфра-құрылым | Машиналар, жабдық және көлік құралдары | Тау-кен активтері | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бастапқы құн | **5.899.000** | **3.422.105** | **1.546.087** | **1.349.064** | **5.188.042** | **312.067** | **220.375** | **884.890** | **18.821.630** |
| Жинақталған тозу және құнсыздану | **(1.500.135)** | **(1.228.026)** | **(475.625)** | **(248.828)** | **(2.066.305)** | **(146.994)** | **(114.514)** | **(139.737)** | **(5.920.164)** |
| **2019 жылғы 30 қыркүйектегі қалдық құны (аудиттелмеген)** | **4.398.865** | **2.194.079** | **1.070.462** | **1.100.236** | **3.121.737** | **165.073** | **105.861** | **745.153** | **12.901.466** |
| **Оның ішінде:** | | | | | | | | | |
| Жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны | 51.314 | 5.413 | 51.959 | – | 496.821 | – | 25.306 | – | 630.813 |
| Жинақталған тозу және жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің құнсыздануы | (4.531) | (1.413) | (6.618) | – | (172.016) | – | (2.030) | – | (186.608) |
| **2019 жылғы 30 қыркүйектегі қалдық құны (аудиттелмеген)** | **46.783** | **4.000** | **45.341** | – | **324.805** | – | **23.276** | – | **444.205** |

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 1.141.802 миллион теңге сомасындағы таза баланстық құны ескерілген негізгі құралдар Топтың кейбір қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде салынды (2018 жылғы 31 желтоқсан: 1.260.296 миллион теңге).

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың толығымен есептелген тозуы ескерілген негізгі құралдарының бастапқы құны 1.052.749 миллион теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсан: 826.144 миллион теңге) құрады.

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда Топ активтердің тозуы бойынша шығыстарды 42.685 миллион теңге сомаға жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанында есептеді.

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда Топ 13.970 миллион теңге сомаға 5,23% мөлшерінде орташа өлшенген пайыздық мөлшерлемесі бойынша қарыздар бойынша шығындарды (2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда: 26.106 миллион теңге сомаға 5,01% мөлшерлемесі бойынша) капиталдандырды.

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда Топ 130.900 миллион теңге мөлшерінде негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығынды таныды, олал негізінен KMG International N.V. («KMGI»), «Сәтті» өзі көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысы («Сәтті» ӨҚБҚ) және Батуми мұнай терминалы («БМТ») ақша ағынын тудыратын бөлімшелер жатқызылады (*24-ескертпе*).

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 8. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтердің қозғалысы былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Лицен-зиялар | Жер қойнауын пайдалану құқықтары | Гудвилл | Маркетинг бойынша материал-дық емес активтер | Бағдар-ламалық жасақтама | Басқасы | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2019 жылдың 1 желтоқсанына қалдық құны (аудиттелген) (қайта есептелгені)** | 625.667 | 703.161 | 205.912 | 33.364 | 45.528 | 71.382 | 1.685.014 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **4.811** | **1.940** | **99** | **2.646** | **28** | **(891)** | **8.633** |
| Түсімдер | **2.573** | **3.740** | – | – | **2.595** | **1.055** | **9.963** |
| Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу *(5-ескертпе)* | **108.506** | **178.856** | **100.398** | – | **1.890** | **1.876** | **391.526** |
| Шығару | **(2.393)** | **(39)** | – | – | **(3.819)** | **(1.425)** | **(7.676)** |
| Амортизация бойынша шығыстар | **(28.639)** | **(26.408)** | – | – | **(13.283)** | **(3.157)** | **(71.487)** |
| Есептен шығару бойынша тозу | **1.599** | – | – | – | **3.810** | **1.129** | **6.538** |
| (Құнсыздану)/құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру, нетто | – | **(5.607)** | – | **(6.641)** | **(594)** | **445** | **(12.397)** |
| Тоқтатылған қызмет/акционерге сатуға немесе бөлуге арналған активтерден/(ге) аударымдар | **(3)** | **4** | – | – | **(271)** | **(18)** | **(288)** |
| Негізгі құралдардан/(ға) аударымдар, нетто | **(36)** | **201** | – | – | **5.855** | **(11)** | **6.009** |
| Барлау және бағалау бойынша активтерден/(ге)/ инвестициялық жылжымайтын мүліктен/(ке) аударымдар | – | **2.704** | – | – | – | – | **2.704** |
| Қорлардан/(ға) аударымдар, нетто | – | – | – | – | **10** | – | **10** |
| Өзге де аударымдар және қайта топтасулар | **576** | – | – | – | **636** | **(1.212)** | – |
| **2019 жылғы 30 қыркүйектегі қалдық құны (аудиттелмеген)** | **712.661** | **858.552** | **306.409** | **29.369** | **42.385** | **69.173** | **2.018.549** |
| | | | | | | | |
| Бастапқы құн | **811.151** | **915.472** | **370.031** | **58.738** | **150.204** | **119.887** | **2.425.483** |
| Жинақталған амортизация және құнсыздану | **(98.490)** | **(56.920)** | **(63.622)** | **(29.369)** | **(107.819)** | **(50.714)** | **(406.934)** |
| **2019 жылғы 30 қыркүйектегі қалдық құны (аудиттелмеген)** | **712.661** | **858.552** | **306.409** | **29.369** | **42.385** | **69.173** | **2.018.549** |
| | | | | | | | |
| **Оның ішінде:** | | | | | | | |
| Жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны | **575** | – | – | – | **2.278** | **503** | **3.356** |
| Жинақталған тозу және жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің құнсыздануы | **(53)** | – | – | – | **(626)** | – | **(679)** |
| **2019 жылғы 30 қыркүйектегі қалдық құны (аудиттелмеген)** | **522** | – | – | – | **1.652** | **503** | **2.677** |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

### 9. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Бірлкескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Негізгі қызметі | Қызметті жүзеге асыру орны | 2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген) | | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) (қайта есептелген) | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Баланстық құны** | **Иелік ету үлесі** | Баланстық құны | Иелік ету үлесі |
| **Бірлескен кәсіпорындар** | | | | | | |
| «Теңізшевройл» ЖШС | Мұнай мен газ шығару және өндіру | Қазақстан | **2.307.648** | **20,00%** | 1.970.533 | 20,00% |
| Маңғыстау Инвестментс Б.В. | Мұнай мен газ шығару және өндіру | Қазақстан | **174.286** | **50,00%** | 138.549 | 50,00% |
| «Азиялық газ құбыры» ЖШС | Табиғи газды тасымалдау | Қазақстан | **110.455** | **50,00%** | – | 50,00% |
| «ҚазРесГаз» ЖШС | Табиғи газды және газды өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және сату | Қазақстан | **86.717** | **50,00%** | 65.116 | 50,00% |
| «Бейнеу–Шымкент газ құбыры» ЖШС | Транспортировка природного газа | Қазақстан | **84.061** | **50,00%** | 34.411 | 50,00% |
| Ural Group Limited BVI | Мұнай мен газ шығару және өндіру | Қазақстан | **66.879** | **50,00%** | 70.874 | 50,00% |
| «АстанаГаз ҚМГ» АҚ | Газ құбырын салу | Қазақстан | **43.855** | **50,00%** | 43.883 | 50,00% |
| Forum Muider Б.В. | Көмір өндіру | Қазақстан | **35.532** | **50,00%** | 37.008 | 50,00% |
| Өзгелері | | | **189.054** | | 208.277 | |
| **Бірлескен кәсіпорындардың жиыны** | | | **3.098.487** | | 2.568.651 | |
| **Қауымдасқан компаниялар** | | | | | | |
| «Қазмырыш» ЖШС | Кендерді өндіру және байыту, аффинирленген металдарды алу | Қазақстан | **457.136** | **29,82%** | 483.723 | 29,82% |
| «Каспий құбыр консорциумы» АҚ | Шикі мұнайды тасымалдау | Қазақстан / Ресей | **346.252** | **20,75%** | 289.586 | 20,75% |
| «ПетроҚазақстан Инк.» («ПҚИ») | Мұнай мен газды барлау, өндіру және қайта өңдеу | Қазақстан | **120.101** | **33,00%** | 116.577 | 33,00% |
| «КАТКО» БК» ЖШС | Уран өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және экспорттау | Қазақстан | **58.154** | **49,00%** | 49.704 | 49,00% |
| Sekerbank TAS *(2-ескертпе)* | Банк қызметі | Түркия | **16.257** | **19,37%** | 17.986 | 19,37% |
| Khan Tengri Holding B.V. *(5-ескертпе)* | Телекоммуникациялар | Қазақстан | **–** | **–** | 76.071 | 51,00% |
| Өзгелері | | | **67.208** | | 99.153 | |
| **Қауымдасқан компаниялардың жиыны** | | | **1.065.108** | | 1.132.800 | |
| | | | **4.163.595** | | 3.701.451 | |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 9. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың инвестицияларындағы қозғалыс былайша берілген:

| *Миллион теңгемен* | |
|---|---|
| **2019 жылғы 1 қаңтардағы сальдо (аудиттелген) (қайта есептелгені)** | 3.701.451 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто *(27-ескертпе)* | **703.137** |
| Алынған дивидендтер | **(185.975)** |
| Алынуға жататын дивидендтердегі өзгеріс | **6.663** |
| Сатып алу | **948** |
| Шығарулар *(5-ескертпе)* | **(113.055)** |
| Құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру *(24-ескертпе)* | **3.063** |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **35.218** |
| Иелену үлесін өзгертпестен жарғылық капиталға салымдар | **3.256** |
| Есептілік валютасын қайта есептеуден басқа, өзге де жиынтық кіріс | **12.375** |
| Берілген қарыздар бойынша дисконт | **820** |
| Жұмсалмаған пайданы түзету | **(4.306)** |
| **2019 жылғы 30 қыркүйектегі сальдо (аудиттелмеген)** | **4.163.595** |

## 10. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа мыналар кірді:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Банктік депозиттер | **823.365** | 655.787 |
| Кредиттік мекемелерге қарыздар | **125.840** | 150.785 |
| Минусы: күтілетін кредиттік шығындарды бағалау резерві | **(6.571)** | (6.600) |
| **Кредиттік мекемелердегі қаражат, нетто** | **942.634** | 799.972 |
| | | |
| Қысқа мерзімді бөлікті шегергенде | **(773.982)** | (623.612) |
| **Ұзақ мерзімді бөлік** | **168.652** | 176.360 |

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| A+(A1)-дан A-(A3)-ға дейін рейтингілер | **357.115** | 444.431 |
| BBB-(Baa3)-дан BB-(Ba3)-ға дейін рейтингтер | **399.343** | 211.250 |
| B+(B1)-дан B-(B3)-ға дейін рейтингілер | **186.176** | 144.291 |
| | **942.634** | 799.972 |

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | **Орташа алынған пайыздық мөлшерлеме** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) | Орташа алынған пайыздық мөлшерлеме |
|---|---|---|---|---|
| АҚШ долларымен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат | **688.700** | **2,14%** | 541.913 | 2,44% |
| Теңгемен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат | **253.744** | **6,52%** | 255.151 | 4,85% |
| Өзге де валюталарда берілген кредиттік мекемелердегі қаражат | **190** | **4%** | 2.908 | 0,33% |
| | **942.634** | | 799.972 | |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 10. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ (жалғасы)

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша кредиттік мекемелердегі қаражатқа 14.365 миллион теңге сомасындағы ақша қаражаты жатады, әрі олар Топтың кейбір қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылды (2018 жылғы 31 желтоқсан: 13.806 миллион теңге).

## 11. ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Өзге де қаржы активтері мыналарды қамтиды:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| **Төмендегілер қамтылған өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері** | **20.178** | 14.532 |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелері | **11.229** | 11.905 |
| Шет мемлекеттерінің қазынашылық вексельдері | **5.048** | – |
| Қазақстандық қаржы мекемелерінің облигациялары | **1.598** | 1.370 |
| Корпоративтік облигациялар | **1.156** | 1.201 |
| ҚР ҰБ ноталары | **1.084** | – |
| Үлестік бағалы қағаздар | **63** | 56 |
| **Төмендегілер қамтылған амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер** | **336.702** | 281.693 |
| Қазақстандық қаржы мекемелерінің облигациялары | **248.859** | 197.179 |
| Корпоративтік облигациялар | **100.104** | 93.186 |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің еурооблигациялары | **1.719** | – |
| Минус: күтілетін кредиттік шығындардан болатын резерв | **(13.980)** | (8.672) |
| **Төмендегілер қамтылған пайда мен шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер** | **53.416** | 52.406 |
| Үлестік бағалы қағаздар | **26.189** | 23.451 |
| Бірлескен кәсіпорынның қатысушысынан алуға вексель | **13.505** | 16.599 |
| Корпоративтік облигациялар | **7.685** | 6.812 |
| Қазақстандық қаржы мекемелерінің облигациялары | **3.350** | 694 |
| Форвардтар мен фьючерстер | **1.811** | 3.129 |
| Опциондар | **876** | 1.721 |
| **Қаржы активтерінің жиыны** | **410.296** | 348.631 |
| Минус: ағымдағы бөлігі | **(67.654)** | (57.257) |
| **Ұзақ мерзімді бөлік** | **342.642** | 291.374 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 11. ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (жалғасы)

2019 жылғы 30 қыркүйекте және 2018 жылғы 31 желтоқсанда өзге де қаржы активтері туынды қаржы құралдарын қоспағанда, валюталарға қатысты былайша берілді:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Теңгемен берілген қаржы активтері | **351.605** | 327.122 |
| АҚШ долларымен берілген қаржы активтері | **56.004** | 16.659 |
| | **407.609** | 343.781 |

## 12. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Ұзақ мерзімді активтер былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар | **424.402** | 278.365 |
| Өтелуге жататын ұзақ мерзімді ҚҚС | **207.765** | 191.509 |
| Пайдалануға шектеу қойылған ақша қаражаты | **100.788** | 105.747 |
| Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | **23.523** | 38.171 |
| Келешек кезеңдердің шығыстары | **18.729** | 16.404 |
| Ұзақ мерзімді қорлар | **15.912** | 15.574 |
| Өзгелер | **55.257** | 49.909 |
| Минусы: құнсыздануға резерв | **(83.940)** | (67.762) |
| | **762.436** | 627.917 |

## 13. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Сауда дебиторлық берешек мыналарды қамтиды:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Сауда дебиторлық берешек | **848.411** | 804.834 |
| Минусы: күтілетін кредиттік шығындар резерві | **(60.425)** | (56.961) |
| | **787.986** | 747.873 |

Өзге де қысқа мерзімді активтерге мыналар кірді:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Өзге де дебиторлық берешек | **192.389** | 150.150 |
| Төленген аванстар және болашақ кезеңдердің шығыстары | **180.360** | 152.970 |
| Салықтар бойынша өзге де алдын ала төлем | **82.417** | 70.802 |
| Пайдалануға шектеу қойылған ақша қаражаты | **66.398** | 77.270 |
| Алынатын дивидендтер | **17.410** | 24.986 |
| Жұмыскерлердің берешегі | **5.131** | 5.105 |
| Өзгелер | **34.194** | 39.690 |
| Минусы: құнсыздануға резерв | **(113.159)** | (103.611) |
| | **465.140** | 417.362 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 13. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ ӨЗГЕ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР (жалғасы)

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың 78.169 миллион теңге мөлшеріндегі дебиторлық берешегі Топтың кейбір қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде салынды (2018 жылғы 31 желтоқсан: 61.325 миллион теңге).

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың 319 миллион теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 9.814 миллион теңге) мөлшеріндегі дебиторлық берешегі бойынша сыйақы есептелді. 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме 11% (2018 жылғы 31 желтоқсан: 11,72%) болды.

## 14. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты және оның баламалары мыналарды қамтиды:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Банктердегі ағымдағы шоттар – АҚШ доллары | **956.384** | 998.733 |
| Банктердегі ағымдағы шоттар – теңге | **210.028** | 240.404 |
| Банктердегі ағымдағы шоттар – басқа валюталар | **28.247** | 21.232 |
| Банктік салымдар – АҚШ доллары | **256.466** | 853.482 |
| Банктік салымдар – теңге | **329.453** | 301.234 |
| Банктік салымдар – басқа валюталар | **3.970** | 3.779 |
| Жолдағы ақша қаражаты | **6.866** | 12.934 |
| Кассадағы ақша қаражаты | **12.701** | 10.431 |
| Кемінде үш ай бастапқы өтеу мерзімімен сатып алу және кері сату шарттары | **12.557** | 46.011 |
| Минусы: күтілетін кредиттік шығындар резерві | **(207)** | (707) |
| | **1.816.465** | 2.487.533 |

Қысқа мерзімді банк салымдары Топтың қолма-қол ақша қаражатына шұғыл қажеттіліктеріне қарай әртүрлі мерзімдерге – 1 (бір) күннен 3 (үш) айға дейін енгізіледі. 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша банктердегі мерзімді депозиттер бойынша және ағымдағы банктік шоттар бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме тиісінше 5,28%-ды және 0,6%-ды (2018 жылғы 31 желтоқсанда: тиісінше 4,0% және 0,6%) құрады.

## 15. КАПИТАЛ

### 15.1 Акциялар шығару

| Акцияларға ақы төлеу | Шығаруға рұқсат етілген және шығарылған акциялардың саны | Акциялардың номинал құны, теңгемен | Жарғылық капитал, миллион теңгемен |
|---|---|---|---|
| **2018 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген)** | 3.481.939.318 | | 5.133.766 |
| Ақша қаражатының жарналары | **2.500** | **10.000.000** | **25.000** |
| Мүлік жарналары | **14.951** | **10.000** | **149** |
| **2019 жылғы 30 қыркүйекте (аудиттелмеген)** | **3.481.956.769** | | **5.158.915** |

*Ақша қаражатының жарналары*

2019 жылғы 19 ақпанда және 28 тамызда Акционер тиісінше 15.000 миллион теңге және 10.000 миллион теңге мөлшерінде ақша қаражатымен Қордың жарғылық капиталына жарналарды жүзеге асырды. Осы қаражат Қордың еншілес ұйымы «Біріккен химия компаниясы» ЖШС («БХК») жүзеге асыратын жобаларды қаржыландыруға арналған.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 15. КАПИТАЛ (жалғасы)

### 15.1 Акциялар шығару (жалғасы)

*Мүлік жарналары*

2019 жылғы 28 маусымда «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ Қордың жарғылық капиталына мүліктік салым күйінде 149 миллион теңге мөлшерінде жарна жасады. Бұл мүлік «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚТЖ ҰК») еншілес ұйымының жарғылық капиталына берілді.

### 15.2 Дивидендтер

*Бақыланбайтын қатысу үлесінің ұстаушыларына келетін дивидендтер*

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде Топ ҚМГ ҰК, «Қазақтелеком» АҚ («ҚТК»), ҚАӨ ҰАК және «Қазақстандық электр желілерін басқару компаниясы» АҚ («KEGOC») тобында бақыланбайтын қатысу үлестерін ұстаушыларға 42.077 миллион теңге сомасына дивидендтерді жария етті.

### 15.3 Үкіметтің қарыздары бойынша дисконт

2019 жылғы 16 мамырда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық қор қаражатының есебінен сатып алған Қор облигацияларының он бірінші шығарылымының шеңберінде Қор 4.525 миллион теңге сомаға ішінара мерзімінен бұрын өтеді. Жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк алдындағы міндеттемелердің мерзімінен бұрын өтелуіне орай Қор Үкіметтен 1.796 миллион теңге мөлшерінде алынған қарыздар бойынша дисконттың амортизациясын капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте мойындады.

### 15.4 Акционерге өзге де бөлу

*Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру*

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда Акционер өкімінің негізінде, Қор жалпы сомасы 29.868 миллион теңге мөлшеріндегі түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру міндеттемелерін мойындады. Бұл міндеттемелер капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционерге өзге де бөлулер ретінде танылды.

*Әлеуметтік объектілерді салу*

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда Акционер өкімінің негізінде, Қор 26.498 миллион теңге сомаға Нұр-Сұлтан қаласында Қазақ драма театрының құрылысын қаржыландыру міндеттемелерін мойындады. Бұл міндеттемелер капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционерге өзге де бөлулер ретінде танылды.

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда Топ 7.000 миллион теңге сомаға Арыс қаласында бүлінген әлеуметтік объектілерді қалпына келтіруді қаржыландыру міндеттемелерін таныды. Осы міндеттемелер капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционерге өзге де бөлу ретінде танылды.

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда Топ 1.773 миллион теңге сомаға Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту шеңберінде Түркістан қаласында орналасқан әлеуметтік объектілердің құрылысын қаржыландыру міндеттемелерін таныды. Осы міндеттемелер капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционерге өзге де бөлу ретінде танылды.

*«Тараз Химиялық паркі АЭА» БК» АҚ (бұдан әрі – «Хим парк») акцияларын Акционерге беру*

2019 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы қаулысына сәйкес Топ 7.906 миллион теңгені құрайтын таза активтер сомасында «Хим парк» акцияларының 90%-ын «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ-нің пайдасына берді және бұл операцияны капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционерге өзге де бөлулер ретінде көрсетті *(6-ескертпе)*.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 15. КАПИТАЛ (жалғасы)

### 15.5 Акционермен жасалатын өзге де операциялар

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ облигацияларын сатып алу-сату шартының шеңберінде 2019 жылғы 17 қаңтарда 5.751 миллион теңге сомаға кезекті транш берілді. Облигациялар 0,15% купон мөлшерлемесімен 2026 жылға дейін айналымда болады. Қаражаттың «Нұрлы жер» Мемлекеттік инфрақұрылымды дамыту бағдарламасының шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын-үй құрылысын қаржыландыру және тұрғын-үй құрылысының проблемалы объектілерін аяқтау мақсатында берілуіне орай 2.501 миллион теңге мөлшеріндегі номинал құны мен әділ құны арасындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционермен өзге де операциялар ретінде танылды.

### 15.6 Акционерге активтерді беру

*«Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ және «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ акцияларын Акционерге беру*

Қор 2019 жылғы 10 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 шілдедегі қаулысына сәйкес үш әуежайдың - «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ және «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ-ның акцияларының бақылау пакеттерін «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ пайдасына берді. Әуежайлардың таза активтерінің сомасы 9.810 миллион теңгені құрады.

*Алматы−1 және Алматы−2 теміржол вокзалдарын Акционерге беру*

Топ 2019 жылғы шілдеде 3.541 миллион теңге сомаға Алматы−1 және Алматы−2 теміржол вокзалдарының жылжымайтын және жылжитын мүлкін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі жұмыс сапарының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы хаттамалық шешімінің негізінде Алматы қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне тегін беруді жүзеге асырды.

### 15.7 Еншілес ұйымдарға қатысу үлестерін өзгерту – бақыланбайтын қатысу үлестерін сату

*ҚАӨ ҰАК*

Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарының шеңберінде Қор 2019 жылғы 26 қыркүйекте тінімдерді жылдам жинау арқылы Астана және Лондон халықаралық биржаларына ҚАӨ ҰАК-тың 3,8% акциясын қосымша орналастырды. Бір жаһандық депозитарлық қолхаттың (бұдан әрі – «ЖДҚ») құны 13 АҚШ доллары мөлшерінде анықталды.

Акцияларды шығару нәтижесінде Топ 812 миллион теңге сомаға мәміле бойынша шығыстарды шегере отырып, 43.278 миллион теңге мөлшерінде сома алды, бақыланбайтын қатысу үлесі 36.972 миллион теңгеге ұлғайды, ал 6.351 миллион теңге млшеріндегі айырма бөлінбеген пайданың ұлғаюы ретінде танылды.

### 15.8 Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв

Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қайта есептеуден пайда болатын бағам айырмаларын есепке алу үшін пайдаланылады, оның функционалдық валютасы теңге болып табылмайды және оның қаржылық есептілігі осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген. 2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв 84.462 миллион теңгені құрады.

Топтың АҚШ долларымен берілген кейбір қарыздары шетелдік операцияларды жүзеге асыратын еншілес ұйымдарға таза инвестицияларды хеджирлеу құралы ретінде анықталды. 2019 жылғы 30 қыркүйекте 34.534 миллион теңге сомасында осы қарыздарды қайта есептеуден бағам айырмасы бойынша жұмсалмаған кірістер өзге жиынтық кірісте есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резервке ауыстырылды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 15. КАПИТАЛ (жалғасы)

### 15.9 Акциянын баланстык кұны

«Қазакстан кор биржасы» АҚ (бұдан әрі «ҚҚБ») Биржалык кеңесінің 2010 жылғы 4 казандағы шешіміне сәйкес каржылык есептілікте ҚҚБ бекіткен кағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акциянын (жай және артыкшылыкты) баланстык кұны туралы деректерді камтылуы тиіс.

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) (қайта есептелгені) |
|---|---|---|
| **Активтер жиыны** | **26.544.785** | 25.746.351 |
| Минусы: материалдық емес активтер | **(2.018.549)** | (1.685.014) |
| Минусы: міндеттемелердің жиыны | **(12.421.332)** | (12.793.016) |
| **Жай акциялар үшін таза активтер** | **12.104.904** | 11.268.321 |
| Жай акциялардың саны | **3.481.956.769** | 3.481.939.318 |
| **Жай акцияның баланстық құны, теңге** | **3.476** | 3.236 |

*Акцияға пайда*

| *Теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудиттелмеген) (қайта есептелгені) |
|---|---|---|
| Базалық және акцияға бөлінген пайданы есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны | **3.481.945.830** | 3.481.938.318 |
| Кезеңге акцияға таза пайданың негізгі және көбейтілген үлесі | **315,35** | 360,68 |
| Жалғасатын қызметтен акцияға таза пайданың негізгі және көбейтілген үлесі | **315,35** | 361,70 |

## 16. ҚАРЫЗДАР

Қарыздар, оның ішінде төленуге жататын сыйакы мыналарды камтиды:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі қосылған қарыздар | **5.539.980** | 5.053.961 |
| Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі қосылған қарыздар | **1.390.481** | 1.798.814 |
| | **6.930.461** | 6.852.775 |
| 12 ай ішінде өтеуге жататын сома шегерілген | **(739.325)** | (817.319) |
| **12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар** | **6.191.136** | 6.035.456 |

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| АҚШ долларында берілген қарыздар | **5.133.321** | 5.369.190 |
| Теңгемен көрсетілген қарыздар | **1.438.532** | 1.116.301 |
| Басқа валюталарда берілген қарыздар | **358.608** | 367.284 |
| | **6.930.461** | 6.852.775 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 16. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Қарыз шарттарының талаптары бойынша Топтың тиісті еншілес ұйымдары белгілі бір ковенанттарды сақтауға міндетті. Топ әрбір есепті күнге Топтың барлық қарыз шарттары бойынша ковенанттардың сақталуын тексереді.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ HSBC Франция белгілеген ковенанттарда көзделген талаптардың бірінің бұзылуына жол берді, соның нәтижесінде 46.238 миллион теңге мөлшеріндегі қарыздың ұзақ мерзімді бөлігін қысқа мерзімді бөлікке қайта жіктеді. 2019 жылғы 28 ақпанда Топ HSBC Франциядан 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ковенанттардың шекті деңгейлерін өзгерту туралы келісім хатын алды. Топ 2018 жылғы 31 желтоқсанда коэффициенттің қайта қаралған шекті мәнін сақтады.

Тиісінше, бұл оқиға HSBC Франциядан алынған қарызды кредиттік келісімде көзделген мерзімнен бұрын өтеу қажеттілігіне әкеп соқтырмады және Топтың өзге де кредиттік міндеттемелерінің орындалуына әсерін тигізбеді. Осыған орай, 2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде Топ негізгі борыштың бұрын қайта жіктелген сомасын ұзақ мерзімді бөлікке аударды.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топ өзге де қарыздар бойынша барлық қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды сақтайды.

Қарыздардағы өзгерістер былайша берілген:

| *Миллион теңгемен* | |
|---|---|
| **2019 жылғы 1 қаңтарда (аудиттелген)** | 6.852.775 |
| Қарыздар бойынша түсімдер | **1.151.037** |
| Есептелген сыйақы | **293.549** |
| Дисконт | **(1.737)** |
| Қарыздардың есебінен негізгі құралдарды сатып алу | **9.056** |
| Капиталға айналдырылған сыйақы | **13.970** |
| Төленген сыйақы | **(288.267)** |
| Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған ретінде жіктелген активтерге байланысты міндеттемелерге аударымдар | **(5.056)** |
| Негізгі борышты төлеу | **(1.185.723)** |
| Дисконт амортизациясы | **8.182** |
| Бизнесті біріктіру *(5-ескертпе)* | **26.245** |
| Валютаны қайта есептеу | **40.846** |
| Өзгесі | **15.584** |
| **2019 жылғы 30 қыркүйекте (аудиттелмеген)** | **6.930.461** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 15. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Топтың еншілес ұйымдарына қатысты қарыздардың баланстық құны төменде берілген:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| ҚМГ ҰК және оның еншілес ұйымдары | **3.921.857** | 4.149.123 |
| ҚТЖ ҰК және оның еншілес ұйымдары | **1.346.700** | 1.272.129 |
| Қор | **543.328** | 535.712 |
| БХК және оның еншілес ұйымдары | **268.070** | 183.156 |
| Қазақтелеком және оның еншілес ұйымдары | **264.419** | 91.991 |
| Самұрық-Энерго және оның еншілес ұйымдары | **217.842** | 248.069 |
| ҚАӨ ҰАК және оның еншілес ұйымдары | **205.298** | 199.690 |
| КЕГОК және оның еншілес ұйымдары | **152.653** | 162.059 |
| Қордың өзге де еншілес ұйымдары | **10.294** | 10.846 |
| **Барлық қарыздар** | **6.930.461** | 6.852.775 |

## 17. МҰНАЙДЫ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### ҚМГ ҰК

2016 жылы ҚМГ ҰК тобы алдын ала төлем алуды көздейтін шикі мұнай мен сұйытылған газды жеткізуге арналған ұзақ мерзімді шартты жасасты. ҚМГ ҰК тобы шарт жасалған сәттен бастап 2021 жылдың наурызына дейін мұнай мен сұйытылған газдың шамамен 38 миллион тонна мен тиісінше 1 миллион тонна болатын мұнайдың ең аз көлемін жеткізеді.

Шартта ағымдағы нарықтық баға белгілеудің негізінде бағаны анықтау көзделген, ал алдын ала төлем шикі мұнай мен сұйытылған газды нақты жеткізу арқылы өтеледі.

2019 жылғы 30 қыркүйекте ҚМГ ҰК тобы жалпы сомасы 1.846 миллион АҚШ долларын (төлем күні 708.864 миллион теңгеге баламалы) құрайтын мұнайды жеткізуге алдын ала төлемді ішінара өтеді, сондай-ақ ҚМГ ҰК Тобы LIBOR + 1,85% мөлшерлемесі бойынша 18.775 миллион теңге мөлшерінде сыйақыны есептеді.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайда осы шарт бойынша жеткізу міндеттемелерінің қалдығы 8,6 миллион тонна мұнай болды.

### «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК (бұдан әрі – «ҚМГ Қашаған Б.В.»)

2016 жылдың ішінде ҚМГ Қашаған Б.В. шикі мұнайды жеткізуге ұзақ мерзімді шарт жасасты. Шарттың талаптарына сәйкес ҚМГ Қашаған Б.В. 2017 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңде Қашаған кен орнынан 18 миллион тоннаға тең болатын ең аз мұнай көлемін жеткізеді.

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде ҚМГ Қашаған Б.В. жалпы сомасы 345 миллион АҚШ долларына (төлем күні 125.981 миллион теңгеге баламалы) мұнай жеткізуге алдын ала төлемді ішінара өтеді.

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде есептелген сыйақының жалпы сомасы 69 миллион АҚШ долларын (баламасы 26.456 миллион теңге) құрайды.

Бұл алдын ала төлем бойынша қалдыққа 1.950 миллион АҚШ доллары мөлшерінде алынған сома үшін 2,05%-бен қоса LIBOR 1м және 250 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сома үшін 2,25%-бен қоса LIBOR 1м мөлшерлемесі бойынша пайыздар ай сайын есептеледі.

Мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелер 15 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемемен мойындалады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 18. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Таза ең төменгі төлемдердің ағымдағы құнымен бірге жалдау бойынша болашақтағы ең төменгі жалдау төлемдері былайша көрсетілген:

| | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **Ең төменгі жалдау төлемдері** | **Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны** |
| Бір жыл ішінде | **106.220** | **88.498** |
| 2 жылдан 5 жылды қоса алғандағы мерзімде | **368.292** | **250.538** |
| Бес жылдан артық | **124.435** | **125.866** |
| Минусы: қаржы төлемдерін білдіретін сомалар | **(134.045)** | **–** |
| **Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны** | **464.902** | **464.902** |
| 12 ай ішінде өтелетін сома шегерілген | **(106.220)** | **(88.498)** |
| **12 айдан кейін өтелетін сомалар** | **358.682** | **376.404** |

| | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) | |
|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Ең төменгі жалдау төлемдері | Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны |
| Бір жыл ішінде | 31.666 | 25.853 |
| 2 жылдан 5 жылды қоса алғандағы мерзімде | 102.955 | 90.430 |
| Бес жылдан артық | 52.591 | 40.210 |
| Минусы: қаржы төлемдерін білдіретін сомалар | (30.719) | – |
| **Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны** | 156.493 | 156.493 |
| 12 ай ішінде өтелетін сома шегерілген | (31.666) | (25.853) |
| **12 айдан кейін өтелетін сомалар** | 124.827 | 130.640 |

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша пайыз сомасының есебі 4,7%-дан 14,60%-ға дейінгі (2018 жылғы 31 желтоқсан: 2,0%-дан 14,60%-ға дейін) тиімді пайыз мөлшерлемелеріне негізделеді.

Жалдау бойынша міндеттемелердегі өзгерістер былайша берілген:

| *Миллион теңгемен* | |
|---|---|
| **2019 жылғы 1 қаңтарда (аудиттелген)** | 156.493 |
| 16 ҚЕХС-тің талаптарына сәйкес есепті кезең басындағы сальдодағы өзгерістер *(2-ескертпе)* | **229.567** |
| Жалдау бойынша түсімдер | **103.391** |
| Есептелген сыйақы | **20.750** |
| Төленген сыйақы | **(10.194)** |
| Негізгі борышты төлеу | **(63.065)** |
| Валютаны қайта есептеу | **3.646** |
| Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған ретінде жіктелген активтерге байланысты міндеттемелерге аударымдар | **(126)** |
| Бизнесті біріктіру *(5-ескертпе)* | **23.879** |
| Өзгесі | **561** |
| **2019 жылғы 30 қыркүйекте (аудиттелмеген)** | **464.902** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 19. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Өзге де ағымдағы міндеттемелерге мыналар жатады:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер | **190.936** | 211.703 |
| Төленеті басқа салықтар | **142.610** | 147.787 |
| Қызметкерлерге төлемдер бойынша міндеттемелер | **99.956** | 111.930 |
| Клиенттердің қаражаты | **36.712** | 27.688 |
| Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша Акционер алдындағы міндеттемелер | **32.791** | 50.072 |
| Төленетін дивидендтер | **20.069** | 28.117 |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер | **8.119** | 4.030 |
| Кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер | **5.547** | 7.404 |
| Бірлескен операциялар бойынша қаржылық емес міндеттемелер | **–** | 16.995 |
| Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер | **–** | 11.784 |
| Өзге де қаржылық міндеттемелер | **96.908** | 94.517 |
| Өзге де қаржылық емес міндеттемелер | **52.907** | 51.994 |
| | **686.555** | 764.021 |

## 20. ТҮСІМ

| *Миллион теңгемен* | **30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін** | | **30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) |
| Шикі мұнайды сату | **916.332** | 985.285 | **2.647.508** | 2.799.161 |
| Мұнай өнімдерін сату | **688.529** | 735.693 | **1.960.493** | 1.981.894 |
| Теміржолмен жүк тасымалдау | **265.119** | 219.007 | **713.523** | 627.213 |
| Қайта өңделген газ өнімін сату | **188.023** | 209.997 | **632.886** | 562.147 |
| Аффинирленген алтынды өткізу | **137.015** | 61.286 | **302.154** | 174.450 |
| Телекоммуникациялық қызметтер | **122.735** | 52.513 | **307.518** | 154.639 |
| Мұнай мен газ тасымалдау | **110.750** | 75.561 | **270.503** | 236.120 |
| Авиатасымалдар | **103.484** | 90.359 | **246.708** | 217.555 |
| Уран өнімін сату | **79.303** | 131.698 | **237.163** | 259.345 |
| Электр кешені | **62.986** | 63.490 | **175.245** | 200.924 |
| Электр энергиясын тасымалдау | **53.144** | 32.533 | **161.825** | 105.223 |
| Алыс-беріс мұнайын өңдеу | **47.877** | 41.775 | **143.913** | 128.237 |
| Жолаушылар темір жол тасымалы | **24.063** | 25.699 | **64.806** | 64.098 |
| Пайыздық кіріс | **11.724** | 13.149 | **35.655** | 35.188 |
| Почша қызметтері | **11.009** | 10.693 | **32.612** | 30.448 |
| Өзге де кіріс | **92.386** | 103.611 | **270.609** | 271.895 |
| Минусы: Шикі мұнай сапасының банкі | **(4.309)** | (4.607) | **(12.653)** | (12.162) |
| Минусы: жанама салықтар және коммерциялық жеңілдіктер | **(169.613)** | (143.980) | **(435.697)** | (374.748) |
| | **2.740.557** | 2.703.762 | **7.754.771** | 7.461.627 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 21. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМ МЕН КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

| *Миллион теңгемен* | **30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін** | | **30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) (қайта есептелгені) | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) (қайта есептелгені) |
| Материалдар мен қорлар | **1.160.953** | 1.270.348 | **3.361.281** | 3.607.560 |
| Тозу, тауысылу және амортизация | **215.561** | 167.874 | **607.700** | 493.294 |
| Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, персоналға шығындар | **214.305** | 195.707 | **623.606** | 581.356 |
| Отын және энергия | **98.207** | 86.139 | **284.456** | 247.699 |
| Алынған өндірістік қызметтер | **80.586** | 64.027 | **233.264** | 152.941 |
| Жөндеу және қызмет көрсету | **58.983** | 58.200 | **161.962** | 132.802 |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық | **32.432** | 35.322 | **100.482** | 112.554 |
| Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардан басқа, салықтар | **27.632** | 19.950 | **69.547** | 56.574 |
| Пайыздық шығыстар | **24.937** | 25.670 | **67.772** | 70.358 |
| Жалдау | **15.277** | 22.239 | **59.509** | 56.568 |
| Көлік қызметтері | **11.299** | 10.064 | **33.374** | 24.963 |
| Өзгесі | **96.559** | 47.867 | **237.947** | 159.252 |
| | **2.036.731** | 2.003.407 | **5.840.900** | 5.695.921 |

## 22. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| *Миллион теңгемен* | **30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін** | | **30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) |
| Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар | **47.362** | 46.306 | **142.239** | 131.466 |
| Тозу және амортизация | **9.849** | 7.404 | **28.883** | 23.404 |
| Консультациялық қызметтер | **8.996** | 7.510 | **22.802** | 22.355 |
| Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардан басқа, салықтар | **5.562** | 10.293 | **18.907** | 28.436 |
| Сауда дебиторлық берешек пен өзге де активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындар резервтері | **3.132** | 1.749 | **14.808** | 8.286 |
| Іссапар шығыстары | **2.209** | 1.902 | **5.984** | 5.247 |
| Демеушілік көмек және қайырымдылық | **2.194** | 4.349 | **7.520** | 5.938 |
| Бөгде ұйымдардың өзге қызметтері | **1.583** | 2.327 | **3.925** | 5.086 |
| Жалдау | **1.201** | 2.989 | **3.952** | 8.192 |
| Жөндеу және қызмет көрсету | **1.189** | 1.586 | **3.364** | 3.825 |
| Көлік қызметтері | **1.037** | 908 | **2.662** | 3.207 |
| Ғимараттардың коммуналдық шығыстары және күтіп ұстау | **981** | 952 | **2.994** | 2.752 |
| Кәсіби оқытуға және біліктілікті арттыруға арналған шығыстар | **743** | 719 | **1.825** | 2.059 |
| Айыппұлдар мен өсімақылар | **603** | 24.209 | **3.404** | 25.028 |
| Банктердің қызметтері | **483** | 696 | **1.563** | 2.094 |
| Өзгесі | **13.278** | 13.531 | **41.619** | 59.903 |
| | **100.402** | 127.430 | **306.451** | 337.278 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 23. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САТУ ШЫҒЫСТАРЫ

| | 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін | | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін | |
|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) |
| Тасымалдау | **99.216** | 89.880 | **310.044** | 255.344 |
| Кеден бажы | **35.392** | 36.465 | **102.344** | 95.085 |
| Рента салығы | **34.622** | 44.116 | **103.591** | 111.464 |
| Агенттерге комиссиялық сыйақылар және жарнама | **5.505** | 3.327 | **12.605** | 8.566 |
| Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар | **3.564** | 5.138 | **13.497** | 14.268 |
| Тозу және амортизация | **3.389** | 3.453 | **10.347** | 9.018 |
| Өзгесі | **7.730** | 9.098 | **26.484** | 27.723 |
| | **189.418** | 191.477 | **578.912** | 521.468 |

## 24. ҚҰНСЫЗДАНУДАН БОЛҒАН ШЫҒЫН

| | 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін | | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін | |
|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) (қайта есептелгені) | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) (қайта есептелгені) |
| Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау активтерінің құнсыздануы | **(124.492)** | (2.433) | **(164.871)** | (44.628) |
| Сатуға арналған активтердің құнсыздануы | **(2.964)** | (10.178) | **(8.490)** | (25.246) |
| Өзге де қаржы активтерінің құнсыздануы | **(2.665)** | (5.734) | **(11.306)** | (10.767) |
| Өтелетін ҚҚС-ның құнсыздануы / (құнсыздануын қалпына келтіру) | **(952)** | 1.715 | **(13.478)** | 403 |
| Берілген қарыздардың құнсыздануын қалпына келтіру | **2.299** | 1.685 | **8.210** | 3.048 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсынлануын қалпына келтіру (*9-ескертпе*) | **1.843** | 5.322 | **3.063** | 9.920 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражаттың (құнсыздануын қалпына келтіру) / құнсыздануы | **348** | 11.624 | **(3.306)** | 9.456 |
| Өзгесі | **(4.278)** | 3.242 | **(9.534)** | (8.737) |
| | **(130.861)** | 5.243 | **(199.712)** | (66.551) |

2019 жылы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде Топ 164.871 миллион теңге мөлшерінде негізгі құралдардың, барлау мен бағалау активтерінің және материалдық емес активтердің құнсыздануынан шығынды таныды, ол негізінен KMGI, «Сәтті» өздігінен көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысы (ӨҚБҚ) және БНТ ақша ағынын тудыратын бөлімшелерге қатысты.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 24. ҚҰНСЫЗДАНУДАН БОЛҒАН ШЫҒЫН (жалғасы)

Топ құнсыздану көрсеткіштерін қараған кезде бірқатар факторларды ескереді. 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қаржылық нәтижелердің нашарлауы, бюджеттің орындалмауы және ақша қаражатын тудыратын бірнеше бірліктерге (бұдан әрі – «АҚТБ») бизнес-жоспарлардағы өзгерістер сияқты факторлар анықталды, олар әлеуетті құнсыздануды жанама көрсетеді. Құнсыздану индикаторлары болған төмендегі АҚБТ бойыша Топ басшылығы 2019 жылғы және 2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайлар бойынша құнсыздануға тест жүргізді:

| *Миллион теңгемен* | 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін | | 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін | |
|---|---|---|---|---|
| | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) | **2019 жыл (аудиттел-меген)** | 2018 жыл (аудиттел-меген) |
| «KMGI» АҚТБ | **93.587** | – | **93.587** | – |
| «Сәтті» ӨҚБҚ | **24.505** | – | **24.505** | – |
| «БНТ» АҚТБ | **6.478** | – | **12.583** | 3.743 |
| «Сәтбаев» жобасы | **–** | – | **–** | 34.793 |
| «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-дағы («ҚМГ БӨ») браунфилдтер | **–** | – | **18.888** | – |
| Өзгесі | **(78)** | 2.433 | **15.308** | 6.092 |
| | **124.492** | 2.433 | **164.871** | 44.628 |

*«KMGI» АҚТБ*

Жүргізілген талдаудың қорытындылары бойынша «KMGI» АҚТБ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануынан тиісінше 86.946 миллион теңге және 6.641 миллион теңге мөлшерінде шығыны танылды.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша ҚМГИ өзінің «Petrochemical», «Bulgaria», «Refining» АҚТБ және басқаларына өтелетін құнын айқындайтын кіріс тәсілін пайдаланып, құнсыздануға тест жүргізді. Барлық АҚТБ бойынша өтелетін құны «Refining» АҚТБ қоспағанда, баланстық құнынан асып түсті. Мұнай өңдеу зауытының болжамдалған маржасының және салық салғаннан кейінгі дисконттау мөлшерлемесінің 9,6%-ға (2018 жылы: 9,7%) төмендеуін көрсету үшін болжамды ақша ағыны жаңартылды. Қалдық құнға пайдаланылатын капиталдау мөлшерлемесі 7,7%-ды (2018 жылы: 7,8%) құрайды. Барлық болжамдар 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей деңгейде қалды.

*«Сәтті» ӨҚБҚ*

«Сәтті» өздігінен көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысының өтелетін құны кіріс әдісі негізінде айқындалды. Өтелетін құны бұрғылау қондырғысынан күтілетін болашақтағы ақша ағындарының келтірілген құны ретінде бағаланды. Болжамдалған ақша ағындары Топ басшылығы 2020-2024 жылдардағы кезеңге бекіткен бюджетке және 12,5% дисконттау мөлшерлемесімен инфляцияға экстраполяцияланған 2041 жылға дейін бұрғылау қондырғысын пайдалу пайдалану кезеңіндегі бағалау болжамдарына негізделген. Осы талдау қорытындысы бойынша Топ 24.505 миллион теңге мөлшерінде құнсызданудан болған шығынды таныды.

*«БНТ» АҚТБ*

2019 жылы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда Топ БНТ АҚТБ-ға қатысты 12.583 миллион теңге мөлшерінде құнсызданудан шығынды таныды.

*«Сәтбаев» жобасы*

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топ «Сәтбаев» жобасына қатысты барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздануынан 34.793 миллион теңге мөлшерінде шығынды таныды. Жобадан шығуға және Топ пен оның әріптесі, ONGC Videsh келісімшарт аумағын Қазақстан Республикасына қайтаруына байланысты құнсыздану болды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 24. ҚҰНСЫЗДАНУДАН БОЛҒАН ШЫҒЫН (жалғасы)

*«ҚМГ БӨ» АҚ-дағы браунфилдтер*

2019 жылы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда Топ ҚМГ БӨ жобалары бойынша барлау мен бағалау бойынша активтерді есептен шығарды, олармен жасалған жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар бұзылған және келісімшарттық аумақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне қайтарылған.

## 25. ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАРЫ

| *Миллион теңгемен* | **30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін** **2019 жыл (аудиттел-меген)** | **30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін** 2018 жыл (аудиттел-меген) (қайта есептелгені) | **30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін** **2019 жыл (аудиттел-меген)** | **30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін** 2018 жыл (аудиттел-меген) (қайта есептелгені) |
|---|---|---|---|---|
| Қарыздар және шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар | **97.649** | 90.180 | **281.073** | 292.757 |
| Мұнайды жеткізу шарттары бойынша пайыздар*(17-ескертпе)* | **11.774** | 16.754 | **45.231** | 43.824 |
| Жалдау бойынша пайыздар | **7.587** | 2.519 | **20.208** | 5.559 |
| Резервтер және өзге де берешек бойынша дисконт амортизациясының сомасына ұлғайту | **5.027** | 4.588 | **14.750** | 13.012 |
| Қаржы кепілдіктерін тану шығыстары | **3.857** | – | **15.019** | 6.451 |
| Облигацияларды мерзімінен бұрын өтегені үшін сыйақы | **846** | – | **3.162** | 89.612 |
| Нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы активтері бойынша дисконт | **369** | 1.339 | **2.396** | 4.297 |
| Солтүстік Каспий жобасындағы қосымша үлесті иемденгені үшін берешек бойынша пайыздық шығыстар | **–** | 1.673 | **–** | 8.448 |
| Өзгесі | **23.700** | 7.204 | **41.831** | 36.307 |
| | **150.809** | 124.257 | **423.670** | 500.267 |

## 26. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС

| *Миллион теңгемен* | **30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін** **2019 жыл (аудиттел-меген)** | **30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін** 2018 жыл (аудиттел-меген) (қайта есептелгені) | **30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін** **2019 жыл (аудиттел-меген)** | **30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін** 2018 жыл (аудиттел-меген) (қайта есептелгені) |
|---|---|---|---|---|
| Кредиттік мекемелердегі қаражат және ақша қаражаты және оның баламалары бойынша сыйақы | **19.310** | 19.377 | **58.230** | 67.354 |
| Берілген кепілдіктер бойынша кіріс | **12.153** | 561 | **28.244** | 4.044 |
| Қарыздар және қаржы активтері бойынша кіріс | **9.300** | 12.338 | **28.072** | 34.636 |
| Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек дисконтының амортизациясы | **335** | 2.812 | **3.762** | 5.046 |
| Қарыздарды есептен шығару | **–** | 677 | **546** | 52.480 |
| Өзгесі | **1.784** | 2.417 | **8.002** | 10.507 |
| | **42.882** | 38.182 | **126.856** | 174.067 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 27. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНДАҒЫ ҮЛЕС, НЕТТО

| | **30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін** | | **30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін** | |
|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | **2019 жыл (аудиттелмеген)** | 2018 жыл (аудиттелмеген) (қайта есептелгені) | **2019 жыл (аудиттелмеген)** | 2018 жыл (аудиттелмеген) (қайта есептелгені) |
| «Теңізшевройл» ЖШС | **88.762** | 118.769 | **312.380** | 338.574 |
| «Азиялық газ құбыры» ЖШС | **42.937** | – | **110.455** | – |
| Каспий құбыр консорциумы | **19.536** | 12.384 | **52.932** | 36.871 |
| Маңғыстау Инвестментс Б.В. | **18.837** | 25.361 | **65.079** | 72.878 |
| «Қазмырыш» ЖШС | **16.672** | 13.837 | **43.102** | 39.464 |
| «ҚазРесГаз» ЖШС | **10.462** | 6.127 | **21.704** | 5.724 |
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС | **4.648** | (4.819) | **38.488** | 6.744 |
| Forum Muider B. V. | **3.437** | 3.781 | **9.792** | 10.514 |
| «Қазгермұнай БК» ЖШС | **2.520** | 10.352 | **14.383** | 21.788 |
| «КАТКО» БК» ЖШС | **2.183** | 4.316 | **8.450** | 7.995 |
| «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС | **654** | 1.777 | **5.562** | 6.009 |
| Valsera Holdings B.V. | **(7.851)** | (3.861) | **(11.239)** | (10.163) |
| Ural Group Limited BVI | **(1.846)** | (1.584) | **(5.511)** | (12.020) |
| «Теңіз-Сервис» ЖШС | **(628)** | – | **7.942** | – |
| Sekerbank TAS | **(180)** | 478 | **(3.851)** | 1.577 |
| Khan Tengri Holding B.V. | **–** | 1.875 | **5.831** | 4.082 |
| Өзгелер | **6.604** | 23.026 | **27.638** | 40.657 |
| | **206.747** | 211.819 | **703.137** | 570.694 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 28. ШОҒЫРЛАНДЫРУ

Мына еншілес ұйымдар осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілді:

| | | Иелік ету үлесі | |
|---|---|---|---|
| | | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
| 1 | «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ ҰК») және еншілес ұйымдары | **90,42%** | 90,42% |
| 2 | «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК | **100,00%** | 100,00% |
| 3 | «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚТЖ ҰК») және еншілес ұйымдары | **100,00%** | 100,00% |
| 4 | «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ («ҚАӨ ҰАК») және еншілес ұйымдары | **81,28%** | 85,00% |
| 5 | «Самұрық-Энерго» АҚ («Самұрық-Энерго») және еншілес ұйымдары | **100,00%** | 100,00% |
| 6 | «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ («KEGOC») және еншілес ұйымдары | **90,00%+1** | 90,00%+1 |
| 7 | «Қазпошта» АҚ және еншілес ұйымдары | **100,00%** | 100,00% |
| 8 | «Қазақтелеком» АҚ («ҚТК») және еншілес ұйымдары | **52,03%** | 52,03% |
| 9 | «Эйр Астана» АҚ («Эйр Астана») | **51,00%** | 51,00% |
| 10 | «Samruk-Kazyna Construction» ЖШС және еншілес ұйымдары | **100,00%** | 100,00% |
| 11 | «Тау-кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары | **100,00%** | 100,00% |
| 12 | «Біріккен химия компаниясы» ЖШС («БХК») және еншілес ұйымдары | **100,00%** | 100,00% |
| 13 | «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС және еншілес ұйымдары | **100,00%** | 100,00% |
| 14 | «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС | **100,00%** | 100,00% |
| 15 | «КОРЭМ» АҚ | **100,00%** | 100,00% |
| 16 | «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ | **0,00%** | 100,00% |
| 17 | «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ | **0,00%** | 100,00% |
| 18 | «Павлодар әуежайы» АҚ | **0,00%** | 100,00% |
| 19 | «СК Бизнес Сервис» ЖШС және еншілес ұйымдары | **100,00%** | 100,00% |
| 20 | «Qazaq Air» АҚ | **100,00%** | 100,00% |
| 21 | «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ | **100,00%** | 100,00% |
| 22 | «МАЭК – Қазатомөнеркәсіп» ЖШС | **100,00%** | 100,00% |

## 29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

24 *«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету»* БЕХС-ке сәйкес тараптар, егер бір тараптың басқа тарапты бақылауға және қаржылық немесе операциялық шешімдерді қабылдау кезінде басқа тарапқа айтарлықтай ықпал етуге мүмкіндігі болса, байланысты деп есептеледі. Әрбір байланысты тараппен ықтимал қарым-қатынастарды бағалау кезінде қарым-қатынастардың заңгерлік ресімделуіне емес, олардың мәніне көп көңіл бөлінеді.

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізі басқарушы персоналына біршама қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

Мына кестеде байланысты тараптармен 2019 жылғы 30 қыркүйекте және 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде жасалған мәмілелердің жалпы сомасы және 2019 жылғы 30 қыркүйектегі және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісті сальдо көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | | **Қауымдасқан компаниялар** | **Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар** | **Мемлекет бақылайтын өзге де кәсіпорындар** |
|---|---|---|---|---|
| Байланысты тараптардың берешегі | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **4.436** | **44.598** | **16.522** |
| | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 20.592 | 36.243 | 22.794 |
| Байланысты тараптардың берешегі | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **51.303** | **140.386** | **13.777** |
| | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 40.171 | 133.759 | 11.822 |
| Тауарлар мен қызметтерді сату | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **86.226** | **277.905** | **352.341** |
| | 2018 жылғы 30 қыркүйек | 59.039 | 238.416 | 212.805 |
| Тауарлар мен қызметтерді сатып алу | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **134.458** | **1.121.436** | **11.157** |
| | 2018 жылғы 30 қыркүйек | 110.185 | 1.107.584 | 10.294 |
| Өзге де пайдалар (шығындар) | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **(1.821)** | **3.010** | **3.508** |
| | 2018 жылғы 30 қыркүйек | 16.603 | 33.153 | (27.987) |
| Ақша қаражаты және оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **–** | **–** | **310.814** |
| | 2018 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 178.664 |
| Берілген қарыздар | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **87.585** | **399.188** | **5.501** |
| | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 139.749 | 400.254 | 5.203 |
| Алынған қарыздар | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **1.523** | **–** | **1.067.933** |
| | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 1.521 | 5 | 1.276.181 |
| Өзге де активтер | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **10.799** | **86.513** | **113.066** |
| | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 46.305 | 77.489 | 113.246 |
| Өзге де міндеттемелер | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **12.579** | **51.579** | **88.048** |
| | 2018 жылғы 31 желтоқсан | 14.990 | 45.231 | 65.463 |
| Байланысты тараптарға есептелген сыйақы | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **7.712** | **21.867** | **7.704** |
| | 2018 жылғы 30 қыркүйек | 8.962 | 23.709 | 27.311 |
| Байланысты тараптар есептеген сыйақы | **2019 жылғы 30 қыркүйек** | **–** | **5.935** | **72.022** |
| | 2018 жылғы 30 қыркүйек | – | 3.114 | 77.128 |

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 56.175 миллион теңге сомасында (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 65.423 миллион теңге) Топтың бірқатар қарыздарына Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берді.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша байланысты тараптар орналастырған ақша қаражаты мен депозиттердің ұлғаюы Топтың нарықтық мөлшерлеме бойынша 500 миллион АҚШ доллары сомасында (есепті күнгі 194.296 миллион теңгеге баламалы) қысқа мерзімді депозит орналастыруына байланысты.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

Негізгі басқарушы персоналға төленген, қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасын 2019 жылдың 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін 4.804 миллион теңгені (2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін: 4.148 миллион теңге) құрады. Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы негізінен келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және операциялық нәтижелерге қол жеткізуге негізделген өзге де төлемдерден тұрады.

## 30. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және бағалау моделінің бөлінісінде ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мынадай сатылылықты пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыққа арналған бағалар (ешқандай да түзетулерсіз).
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін өзге де әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады.
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құнын, келесі қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнына барынша жақын болып табылады:

| *Миллион теңгемен* | **1-деңгей** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттел-меген)** |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржы құралдарының санаты** | | | | |
| **Активтер** | | | | |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтері | **3.704** | **11.364** | **5.110** | **20.178** |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтері | **4.154** | **24.600** | **21.975** | **50.729** |
| Туынды қаржы активтері | **–** | **1.811** | **876** | **2.687** |

| *Миллион теңгемен* | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржы құралдарының санаты** | | | | |
| **Активтер** | | | | |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтері | 3.626 | 10.851 | 55 | 14.532 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтері | – | 24.165 | 23.391 | 47.556 |
| Туынды қаржы активтері | – | 3.129 | 1.721 | 4.850 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 30. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ (жалғасы)

2019 жылғы 30 қыркүйектегі және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының балансткы құны, төменде көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнының негізделген жақындауы болып табылады:

| | 2019 жылғы 30 қыркүйекте (аудиттелмеген) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мыналарды пайдалана отырып әділ құнды бағалау | | |
| *Миллион теңгемен* | **Баланстық (ағымдағы) құны** | **Әділ құны** | **Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)** | **Айтарлықтай бақылана-тын бастапқы деректер (2-деңгей)** | **Айтарлықтай бақыланбай-тын бастапқы деректер (3-деңгей)** |
| **Қаржы активтері** | | | | | |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | **942.634** | **886.946** | **660.198** | **226.662** | **86** |
| **Инвестициялық жылжымайтын мүлік** | **18.777** | **31.174** | **–** | **3.096** | **28.078** |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | |
| Қарыздар | **6.930.461** | **7.460.045** | **5.030.005** | **1.960.171** | **469.869** |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары | **663.964** | **535.411** | **–** | **535.411** | **–** |
| Кепілдіктер бойынша міндеттемелер | **43.852** | **42.432** | **–** | **42.279** | **153** |

| | 2018 жылғы 31 желтоқсанда (аудиттелген) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мыналарды пайдалана отырып әділ құнды бағалау | | |
| *Миллион теңгемен* | Баланстық (ағымдағы) құны | Әділ құны | Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей) | Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Айтарлықтай бақыланбай-тын бастапқы деректер (3-деңгей) |
| **Қаржы активтері** | | | | | |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 799.972 | 791.792 | 496.248 | 295.033 | 511 |
| **Инвестициялық жылжымайтын мүлік** | 42.388 | 54.981 | – | 32.360 | 22.621 |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | |
| Қарыздар | 6.852.775 | 6.878.032 | 4.302.628 | 2.268.890 | 306.514 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары | 653.406 | 533.935 | – | 533.935 | – |
| Кепілдіктер бойынша міндеттемелер | 47.119 | 41.529 | – | 40.059 | 1.470 |

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарының әділ құны иеленетін пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 31. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілген шарттық және шартты міндеттемелерге қосымша 2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде мынадай өзгерістер болды:

**Өтелетін шығындарды тексеру**

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың дауланатын өтелмейтін шығындардағы үлесі 749.674 миллион теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 765.188 миллион теңге) болды. Топ және оның өнімдң бөлу туралы келісім («ӨБК») бойынша серіктестері Үкіметпен бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

**Қазақстанның ішкі нарығына арналған жеткізілімдер бойынша міндеттемелер**

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда өз міндеттемелеріне сәйкес Топ бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, 4.574 мың тонна мұнайды (2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айда: 4.590 мың тонна) ішкі нарыққа жеткізді.

**Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері**

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың мұнайды жеткізу шарты бойынша міндеттемелері, бірлескен кәсіпорынның міндеттемелерін қоса алғанда, 2021 жылғы наурызға дейін жеткізу мерзімімен 21,9 миллион тонна (2018 жылғы 31 желтоқсан: 30,1 миллион тонна) болды.

**Кепілдіктер, аккредитивтер беру жөніндегі міндеттемелер және есеп операцияларына жатқызылған басқа да міндеттемелер**

Топ үшінші тараптардың алдында клиенттердің міндеттемелерін орындау кепілдігін беру мақсатында қаржылық кепілдіктер мен аккредитивтерді ұсынады. Осы келісімдердің тіркелген лимиттері болады және әдетте, 15 (он бес) жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Кестеде көрсетілген міндеттемелер бойынша шарттық сомалар бұл соманың толығымен орындалатынын болжайды. Аккредитивтер бойынша кестеде көрсетілген сомалар, егер контрагенттер келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындамаса, есепті күні мойындалған барынша көп есептік шығынды білдіреді.

Кепілдіктерді беру бойынша міндеттемелер былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | **2019 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)** | 2018 жылғы 31 желтоқсан (аудиттелген) |
|---|---|---|
| Кепілдіктер | **236.575** | 434.900 |

Топ кредиттік бақылау мен басқарудың осындай саясатын балланстық операцияларды жүзеге асырған кезде пайдаланылатын баланстан тыс әлеуетті міндеттемелерді өзіне қабылдаған кезде қолданады.

Жоғарыда көрсетілген кепілдіктер беру жөніндегі шарттық міндеттемелердің қолда бар жалпы сомасы ақшалай қаражаттың болашақтағы қажеттілігін міндетті түрде білдірмейді, өйткені осы міндеттемелер олар қаржыландырылғанға дейін мерзімі өтуі немесе жабылуы мүмкін. Топ кредиттік қаржылық құралдар бойынша қамтамасыз етуді де сұрай алады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 30. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер**

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, жалпы сомасы 3.110.091 миллион теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 3.741.716 миллион теңге) болатын негізгі құралдарды сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелері болды.

**Сот талқылаулары**

*Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Қор шағымы бойынша Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот талқылауы*

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам қ. соты шешімінің негізінде Қордың оған тиесілі КМГ Кашаган Б.В. акцияларының 50% қатысты құқықтарына бұл акцияларға билік ету бөлігінде шектеу (бұдан әрі – «шектеу») салынды.

Аталған шектеу Стокгольмның Сауда Палатасының Арбитраждық Институтының жанында Арбитраждық трибунал 2013 жылы шығарған Қазақстан Республикасына қарсы Анатолий Статидің, Габриэль Статидің, Ascom Group SA және Terra Raf Trans Trading Ltd. Іісі бойынша арбитраждық шешімнің Нидерландтарда танылуы және орындалуы бойынша шағымды қамтамасыз ету шеңберінде салынды.

Қор шектеуді алу туралы бастаған аралық істің шеңберінде Амстердам қ. соты 2018 жылғы 5 қаңтарда шектеуді сақтап қалу туралы алдын ала шешімді қабылдады. Амстердам қ. сотының бұл шешімі Қордың КМГ Кашаган Б.В. акцияларына қатысты құқықтарына қандай да бір қосымша шектеуді жүктемейді.

2019 жылғы 7 мамырда Амстердам қаласының Апелляциялық соты құны 5,2 миллиард АҚШ доллары болатын, Қорға тиесілі, бірінші инстанция сотының Кашаган Б.В. акцияларына салынған шектеуді сақтау туралы шешімін күшінде қалдырды. Шектеу А. Стати және онымен байланысты тараптардың Қазақстанға қарсы 2013 жылы шығарылған Стокгольмның арбитраждық трибуналының шешімін орындау туралы талаптары бойынша салынды. Қор Амстердам қаласы Апелляциялық сотының осы шешіміне белгіленген тәртіппен шағымданды.

2019 жылғы 27 тамызда Амстердам қаласының Апелляциялық сотының А. Стати және онымен байланысты тараптардың Қазақстанға қарсы 2013 жылы шығарылған Стокгольм трибуналының арбитраждық шешімін мойындау және орындау туралы шағымы бойынша отырысы өтті. Сот шешімді жария ету күнін алдын ала 2020 жылғы 28 қаңтарға тағайындады.

Қазіргі уақытта Қор өз мүдделерін белгіленген тәртіппен қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алады және өз құқықтарын қорғауын жалғастырады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 32. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Төменде 2019 жылғы 30 қыркүйекте және осы күнгі аяқталған тоғыз ай үшін Топтың операциялық сегменттерінің пайдалары мен шығындары, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ | Тау-кен өндіруші | Тасымалдау | Коммуникациялар | Энергетика | Өнеркәсіптік | Корпоративтік орталық | Басқасы | Элиминациялау | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім | 5.397.390 | 603.045 | 1.065.901 | 331.176 | 308.679 | 5.550 | 29.110 | 13.920 | – | 7.754.771 |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | 42.702 | 11.369 | 3.706 | 3.286 | 53.993 | 2.171 | 210.004 | 6.096 | (333.327) | – |
| **Түсім жиыны** | 5.440.092 | 614.414 | 1.069.607 | 334.462 | 362.672 | 7.721 | 239.114 | 20.016 | (333.327) | 7.754.771 |
| | | | | | | | | | | |
| **Жалпы пайда** | 1.421.633 | 107.364 | 239.070 | 97.471 | 92.743 | 1.143 | 168.311 | 8.413 | (186.893) | 1.949.255 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (133.839) | (28.350) | (81.959) | (30.643) | (13.670) | (3.605) | (18.206) | (2.860) | 6.681 | (306.451) |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | (556.775) | (8.046) | (7.510) | (6.641) | (5.551) | (552) | – | – | 6.163 | (578.912) |
| Қаржылық кіріс | 96.779 | 4.523 | 8.466 | 5.382 | 4.959 | 453 | 35.169 | 4.581 | (33.456) | 126.856 |
| Қаржылық шығындар | (278.260) | (11.178) | (91.009) | (30.802) | (30.942) | (3.566) | (18.010) | (4.181) | 44.278 | (423.670) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі, нетто | 623.685 | 62.989 | 4.991 | 5.831 | 9.869 | (48) | (4.198) | 18 | – | 703.137 |
| Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто | (24.913) | (272) | (16.303) | (391) | 248 | (5.229) | 37.273 | 578 | (49) | (9.058) |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | (199.104) | (17.639) | (27.253) | (12.137) | (14.782) | (60) | (2.618) | (1.178) | – | (274.771) |
| Жалғасатын қызметтен кезеңде түскен таза пайда/(шығын) | 791.607 | 173.538 | (264) | 50.514 | 45.279 | (12.788) | 211.209 | 4.773 | (165.845) | 1.098.023 |
| **Кезеңдегі таза пайда/(шығын) жиыны** | 791.607 | 173.538 | (264) | 50.514 | 45.279 | (12.788) | 211.209 | 4.773 | (165.845) | 1.098.023 |
| | | | | | | | | | | |
| **Сегменттер жөнінде өзге де ақпарат** | | | | | | | | | | |
| Сегмент активтерінің жиыны | 16.358.257 | 2.317.084 | 3.766.072 | 1.169.591 | 1.460.000 | 575.109 | 7.735.938 | 300.951 | (7.138.217) | 26.544.785 |
| Сегмент міндеттемелерінің жиыны | 6.874.856 | 541.365 | 2.539.841 | 677.079 | 703.538 | 359.567 | 1.690.699 | 197.215 | (1.162.828) | 12.421.332 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 3.428.147 | 584.797 | 30.308 | – | 90.314 | 2.180 | 60.102 | 88 | (32.341) | 4.163.595 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 32. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төменде 2019 жылғы 30 қыркүйекте және осы күнгі аяқталған тоғыз ай үшін Топтың операциялық сегменттерінің пайдалары мен шығындары, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ | Тау-кен өндіруші | Тасымалдау | Коммуникациялар | Энергетика | Өнеркәсіптік | Корпоративтік орталық | Басқасы | Элиминациялау | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім | 5.477.032 | 502.559 | 978.981 | 185.613 | 276.613 | 3.622 | 24.189 | 13.018 | – | 7.461.627 |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | (56.649) | (4.487) | (10.457) | (4.495) | (44.682) | (4.338) | (282.240) | (6.024) | 413.372 | – |
| **Түсім жиыны** | 5.420.383 | 498.072 | 968.524 | 181.118 | 231.931 | (716) | (258.051) | 6.994 | 413.372 | 7.461.627 |
| | | | | | | | | | | |
| **Жалпы пайда** | 1.374.243 | 82.883 | 201.486 | 60.961 | 120.757 | 1.413 | 230.824 | 9.738 | (292.864) | 1.789.441 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (177.084) | (23.175) | (82.901) | (18.340) | (20.174) | (3.570) | (14.924) | (2.432) | 5.322 | (337.278) |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | (506.894) | (6.031) | (6.858) | (2.225) | (11.576) | (337) | – | – | 12.453 | (521.468) |
| Қаржылық кіріс | 138.839 | 6.517 | 5.365 | 4.411 | 5.516 | 725 | 115.232 | 1.785 | (104.323) | 174.067 |
| Қаржылық шығындар | (380.076) | (10.254) | (82.897) | (4.117) | (27.504) | (1.854) | (23.953) | (1.108) | 31.496 | (500.267) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі, нетто | 503.818 | 51.978 | 943 | 4.200 | 8.195 | (35) | 1.577 | 18 | – | 570.694 |
| Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто | 139.395 | 13.630 | 58.993 | 7.945 | 9.882 | (10.501) | (132.143) | 42 | – | 87.243 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | (230.797) | (14.168) | (1.816) | (12.012) | (16.545) | (159) | (4.951) | (1.789) | – | (282.237) |
| Жалғасатын қызметтен кезеңде түскен таза пайда/(шығын) | 839.210 | 409.888 | 93.541 | 40.532 | 66.996 | (16.402) | 163.907 | 6.657 | (344.915) | 1.259.414 |
| Тоқтатылған қызметтен кезеңде болған таза шығын | – | – | – | – | – | (3.542) | – | – | – | (3.542) |
| **Кезеңдегі таза пайда/(шығын) жиыны** | 839.210 | 409.888 | 93.541 | 40.532 | 66.996 | (19.944) | 163.907 | 6.657 | (344.915) | 1.255.872 |
| | | | | | | | | | | |
| **Сегменттер жөнінде өзге де ақпарат** | | | | | | | | | | |
| Сегмент активтерінің жиыны | 16.464.564 | 2.176.219 | 3.437.049 | 875.317 | 1.456.134 | 462.137 | 7.467.849 | 305.170 | (6.898.088) | 25.746.351 |
| Сегмент міндеттемелерінің жиыны | 7.786.204 | 486.308 | 2.258.520 | 418.411 | 731.287 | 261.837 | 1.622.831 | 206.319 | (978.701) | 12.793.016 |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 2.841.824 | 631.012 | 32.359 | 76.071 | 89.309 | 1.279 | 61.869 | 69 | (32.341) | 3.701.451 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 32. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төменде 2019 жылғы 30 қыркүйекте және 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы топтың операциялық сегменттерінің пайдасы мен шығындары, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ | Тау-кен өндіруші | Тасымалдау | Коммуникациялар | Энергетика | Өнеркәсіптік | Корпоративтік орталық | Басқасы | Элиминациялау | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім | 1.843.105 | 233.644 | 407.268 | 129.711 | 106.885 | 1.606 | 9.824 | 8.514 | – | 2.740.557 |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | 13.804 | 3.791 | 1.368 | 1.090 | 21.577 | 691 | 9.204 | 2.151 | (53.676) | – |
| **Түсім жиыны** | 1.856.909 | 237.435 | 408.636 | 130.801 | 128.462 | 2.297 | 19.028 | 10.665 | (53.676) | 2.740.557 |
| | | | | | | | | | | |
| **Жалпы пайда** | 470.685 | 59.244 | 121.386 | 46.663 | 30.891 | 269 | (6.982) | 2.780 | (8.983) | 715.953 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (42.481) | (9.045) | (26.965) | (10.757) | (4.422) | (1.436) | (6.360) | (1.187) | 2.251 | (100.402) |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | (179.558) | (3.569) | (2.665) | (3.672) | (3.080) | (199) | – | – | 3.325 | (189.418) |
| Қаржылық кіріс | 33.107 | 1.338 | 6.025 | 1.072 | 1.626 | 152 | 8.580 | 1.586 | (10.604) | 42.882 |
| Қаржылық шығындар | (95.225) | (4.364) | (33.080) | (14.055) | (10.459) | (1.333) | (6.250) | (1.279) | 15.236 | (150.809) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі, нетто | 179.764 | 22.545 | 2.288 | – | 2.542 | (18) | (383) | 9 | – | 206.747 |
| Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто | (26.963) | 134 | (13.143) | 382 | (375) | (6.716) | 57.082 | (112) | (23) | 10.266 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | (43.560) | (8.809) | (15.914) | (4.923) | (5.229) | (19) | (1.299) | (212) | – | (79.965) |
| Жалғасатын қызметтен кезеңде түскен таза пайда/(шығын) | 162.579 | 57.409 | 22.244 | 15.225 | 12.563 | (9.794) | 53.381 | 1.321 | (597) | 314.331 |
| **Кезеңдегі таза пайда/(шығын) жиыны** | 162.579 | 57.409 | 22.244 | 15.225 | 12.563 | (9.794) | 53.381 | 1.321 | (597) | 314.331 |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

### 32. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ | Тау-кен өндіруші | Тасымалдау | Коммуникациялар | Энергетика | Өнеркәсіптік | Корпоративтік орталық | Басқасы | Элиминациялау | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім | 1.958.153 | 215.917 | 363.780 | 62.921 | 88.325 | 1.262 | 8.979 | 4.425 | – | 2.703.762 |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | (97.335) | (4.522) | (17.395) | (7.639) | (75.676) | (7.957) | (538.128) | (9.271) | 757.923 | – |
| **Түсім жиыны** | 1.860.818 | 211.395 | 346.385 | 55.282 | 12.649 | (6.695) | (529.149) | (4.846) | 757.923 | 2.703.762 |
| | | | | | | | | | | |
| **Жалпы пайда** | 542.392 | 35.310 | 87.063 | 23.156 | 33.373 | (853) | 7.720 | 3.054 | (19.279) | 711.936 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (70.654) | (7.713) | (29.872) | (5.370) | (6.022) | (1.227) | (7.306) | (950) | 1.684 | (127.430) |
| Тасымалдау және сату бойынша шығыстар | (186.237) | (2.233) | (2.336) | (928) | (2.338) | (98) | – | – | 2.693 | (191.477) |
| Қаржылық кіріс | 27.911 | 2.394 | 1.727 | 1.253 | 1.783 | 241 | 12.465 | 589 | (10.181) | 38.182 |
| Қаржылық шығындар | (84.955) | (4.810) | (27.874) | (1.440) | (8.044) | (1.066) | (5.134) | (392) | 9.458 | (124.257) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі, нетто | 181.143 | 21.305 | 5.799 | 1.899 | 1.201 | (11) | 478 | 5 | – | 211.819 |
| Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто | 62.350 | 8.291 | 26.729 | 5.773 | 4.545 | (7.494) | (70.549) | 43 | – | 29.688 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | (96.258) | (10.286) | (1.336) | (4.758) | (4.186) | (69) | (1.931) | (466) | – | (119.290) |
| Жалғасатын қызметтен кезеңде түскен таза пайда/(шығын) | 388.340 | 43.090 | 65.957 | 20.735 | 19.975 | (10.087) | (62.475) | (874) | (15.882) | 448.779 |
| **Кезеңдегі таза пайда/(шығын) жиыны** | 388.340 | 43.090 | 65.957 | 20.735 | 19.975 | (10.087) | (62.475) | (874) | (15.882) | 448.779 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудиттелмеген) (жалғасы)

## 33. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

**Мұнай шарттары бойынша алдын ала төлем**

2019 жылғы 31 қазанда Топ 220 миллион АҚШ доллары (транзакция жасалған күнгі 85.479 миллион теңгеге баламалы) мөлшеріндегі сомаға мерзімінен бұрын жеткізуді қоса алғанда, жалпы сомасы 242 миллион АҚШ долларына (транзакция жасалған күнгі 94.192 миллион теңгеге баламалы) мұнай және сұйытылған мұнай газын жеткізуді жүргізді.

2019 жылғы 29 қарашада Топ жалпы сомасы 161 миллион АҚШ долларына (транзакция жасалған күнгі 62.281 миллион теңгеге баламалы) мұнай және сұйытылған мұнай газын жеткізуге алдын ала төлемді өтеді.

**Қарыздарды өтеу**

2019 жылғы қазанда Топ жалпы сомасы 171.603 мың АҚШ долларын (транзакция жасалған күнгі 66.808 миллион теңгеге баламалы) құрайтын сомаға еурооблигациялар бойынша купондық төлемдерді облигацияларды ұстаушыларға төледі.

2019 жылғы 21-22 қарашада Топ 780 миллион АҚШ доллары көлеміндегі 2017 жылғы облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды. Төлемдердің жалпы сомасы 897 миллион АҚШ долларын (төлем күнгі 347.360 миллион теңгеге баламалы) құрады, бұған 428 мың АҚШ доллары (төлем күнгі 166 миллион теңгеге баламалы) мөлшеріндегі есептелген сыйақы, 116 миллион АҚШ доллары (төлем күнгі 44.988 миллион теңгеге баламалы) мөлшерінде мерзімінен бұрын өтегені үшін төленетін сыйлықақы және 642 мың АҚШ доллары (төлем күнгі 249 миллион теңгеге баламалы) мөлшерінде мерзімінен бұрын өтегені үшін комиссия қоса есептелген.